



ЕЛБАСЫ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА КӨТЕРДІ



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты.

Елбасы бірлескен отырыс барысында халыққа арналған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуін жариялады. Онда әрбір отбасына баспана алудың жана мүмкіндіктерін беру, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие көлемін көбейту, сондай-ақ елді газбен қамтамасыз ету ісін жалғастыру жөніндегі бастамалар қамтылған.

Нұрсұлтан Назарбаев жана әлеуметтік бастамалар қоға-

мымыздың әлеуметтік бірлігін нығайтуға және әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын ары қарай жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

— Біз бүгін әлеуметтік жаңғыру жолында жана, ауқымды қадам жасауға дайынбыз. Бұл — елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар оптимистік жоба. Өркендеген Қазақстан — бұл, ең алдымен, мемлекеті өзін қорғап, қолдайтынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, патриоттық танытатын өздеріне сенімді адамдардың мекені деп санаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Армения Республикасының президенті болып сайлануына байланысты құттықтау жолдауын жолдады.

ПРЕЗИДЕНТ ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Армения Республикасының президенті болып сайлануымен құттықтады.

«Сіздің кәсіби біліктілігіңіз бен өмірлік тәжірибеніз достас Арменияның қарқынды даму жолында жана табыстарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді деп сенемін.

Сіздің белсенді қолдауыңыздың арқасында Астана мен Ереван арасындағы достық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастар алдағы уақытта да елдеріміздің игілігі үшін дами беруді деп ойлаймын.

Сізге зор денсаулық, жауапты қызметіңізде табыс, ал Армения халқына бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін» делінген жеделхатта.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Наурыз айының еліміздің Тәуелсіздік күнітөбесінде ерекше орны бар.

Біз көктемнің алғашқы күнінде Алғыс айту күнін атап өтеміз.

Сонымен бірге, бұл — Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы шуақты көктем айының еншісінде.

Қымбатты әйелдерімізді де мерекесімен наурыз айында құттықтаймыз.

Осы ізгі оқиғалардың бәрі Қазақстан халқын біріктіре түседі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осыған бағытталған.

Біз елдің бірлігі мен мемлекеттің сындарлы саясатының арқасында барлық сынақтардан абыроймен өттік.

Ел иесі қазақ халқының маңына ұйысқан барша этностар оны жоғары бағалайды.

Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген.

Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар бастарына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызды.

Қазақ халқы да оларға ұлттық тарихымызға көрсеткен зор құрметі үшін алғысын білдіреді.

Осындай өзара құрмет пен сенім мызғамас ел бірлігіне негіз болса, ізгі шаралар халқымыздың кең пейілі мен дархан көңілінің айқын көрінісіне айналуа.

Жаксылықты жадында сактай білген елдің рухы қашан да биік.

Заманауи Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрбір отандасымыз өз үлесін қосы.

Мен этно-мәдени бірлестіктерге де айрықша ризашылық білдіремін.

Біз, бәріміз бірге өте күрделі, қиы замандардан өттік.

Тәуелсіздіктің ең тағдыршешті сәттерінде мені әрдайым қолдаған халқыма да алғыс айтамын.

Өткен сайлаулардың бәрінде халқымыз мені бірауыздан қолдап, сайлады.

Мен үшін ең үлкен марапат — осы.

Елімнің қолдауы маған жұмыс барысында зор күш-жігер берді.

Мен халқымның өз келешегіне сеніммен қарауы үшін еңбек еттім, қазір де, болашақта да осы мақсат жолында жұмыс істей беремін.

Сол себепті, мен Қазақстан Республикасы Парламентінің қабырғасынан жана әлеуметтік бастамалар көтеріп, халқыма Үндеу жариялағалы отырмын.

Бұл қадам талайdan бері менің көкейімде жүр.

Бірақ, Қазақстан алдымен бойына күш, қазынасына қаржы жинап, қуатты елге айналуы керек еді.

Міне, сол күн де туды!

Бұл — біздің қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту үшін жігерімізді жанып, нақты іске кірісетін сәт.

Біз оны ауқымды әлеуметтік жобалар арқылы жүзеге асырамыз.

Мемлекет осындай түбегейлі шараларды қолға алады.

«Қазақстан — біздің ортақ үйіміз» деген идея жана мағынамен толығырақ түсуге тиіс.

Жана ұсыныстардың маңыздылығын ескеріп, мен әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын әрі қарай жақсартуға бағытталған жана әлеуметтік бастамаларымды өздеріңізбен талқылау үшін бүгінгі Парламент Палаталары мен Үкіметтің бірлескен отырысын шақырттым.

Бірден айтайын: бүгін айтылатын ұсыныстың бәрі — есеп-қисабы мұқият жасалған бағдарлама.

Бұл — елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар, оптимистік жоба.

Мен өркендеген Қазақстан — ең алдымен мемлекеті өзін қорғап, қолдайтынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, өздеріне сенімді адамдар деп санаймын.

Сол себепті, біз бүгін жана, ауқымды әлеуметтік жобаларға жол ашамыз.

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Біз бүгін әлеуметтік жаңғыру жолында жана, ауқымды қадам жасауға дайынбыз.

Мен Президенттің бес әлеуметтік бастамасын ұсынамын.

Бірінші бастама: «Әрбір отбасына баспана алудың жана мүмкіндіктерін беру».

Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық.

2017 жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын-үй пайдалануға берілді.

Бұл — рекордтық көрсеткіш.

Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, әлі күнге дейін көптеген отбасы баспанасыз жүр.

Бұл — айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе.

Оның шешімін тұрғын-үй ипотекасының қалың көпшілікке жаппай қолжетімділігін арттыру арқылы табуға барлық жағдай жасау керек.

Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет.

Сондықтан, мен «7 — 20 — 25» бағдарламасын ұсынамын.

Жұмыс істейтін әрбір қазақстандық төмендегідей шарттар бойынша теңгемен несие алу мүмкіндігіне ие болады.

Несие өсімін мөлшерлемесі қазіргідей 14-16 емес, жылына 7 проценттен аспайтын болады.

Қазір банктер бастапқы жарнаға баспана құнының 30 процентіне дейін, кейде тіпті 50 процентін салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 проценттен аспауға тиіс.

Несие алушының ай сайынғы төлемін азайту үшін оның мерзімі 10-15 емес, 25 жылға дейін болады.

Ол үшін Ұлттық банктің, екінші деңгейлі банктер мен қор нарығының мүмкіндіктерін іске қосу керек.

Ұлттық банк кемінде 1 триллион теңге қаржы тартатын арнайы компания құрып, ол қаржыны банктердің жоғарыда айтылған шарттар бойынша беретін жана ипотекалық несиелерін сатып алуға жұмсауы қажет.

Бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін береді.

Нәтижесінде, миллиондаған қазақстандық үшін баспана алудың қолжетімділігі артады.

Сонымен қатар, бұл экономиканың, шағын және орта бизнестің өрістеуіне жұмыс істейді, жана жұмыс орындарын ашады.

Көптеген азаматтардың арманы ақиқатқа айналады!

Екінші бастама: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту».

үшін олардың салық жүктемесін азайту».

Салыстырмалы түрде жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қантарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салуды ұсынамын.

Ай сайын ең төменгі есептік көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз жалақы алатындарға салынатын жеке табыс салығын азайту арқылы олардың салық жүктемесін жеңілдету керек.

Осылайша, салықты азайтудан шығатын қаржы олардың жалақысын көбейтуге жұмсалуды қажет.

Нәтижесінде, еліміздегі барша жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай-ақ көбейетін болады.

Әрі қарай Үкімет табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу мүмкіндігін зерделеуі керек.

Үшінші бастама: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту».

Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатыр, олардың 30 процентке жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алуа.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін төмендегідей шараларды ұсынамын.

Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керек.

Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады.

Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жана экономикада зор сұранысқа ие болатын сан мың жана маманды даярлауға мүмкіндік береді.

Мұнда ең алдымен инженерлер, акпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандары туралы сөз болып отыр.

Бұл да жастарға мемлекет қамқорлығының айқын көрінісі.

Сонымен бірге, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру керек.

Аталған шаралар орта мектеп түлектерін жоғары біліммен неғұрлым көбірек қамтуға мүмкіндік береді, бұл — жалпы әлемдік тренд.

Сонымен бірге, адам ресурстарына салынатын үлкен салым.

Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет.

Қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті.

Бұл міндетті шешу үшін жоғары оқу орындары, колледждер мен девелоперлік компаниялар мемлекет пен жеке меншіктің серіктестігі қағидасымен жатақхана салуды бастауы керек.

Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді.

2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жана жатақхана салуды тапсырамын.

Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

Төртінші бастама: «Шағын несие беруді көбейту».

Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады.

2017 жылы жалпы сомасы 32 миллиард теңге болатын 7200 шағын несие берілді.

Алайда, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алған тағы 5 мың адам өз ісін бастауға қажетті шағын несиелерді ала алмады.

Сондықтан, 2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Нәтижесінде, шағын несие алатындардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жететін болады. Бұл жұмысты одан кейінгі жылдарда да белсенді жалғастыру керек.

Бастама мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа ҮНДЕУІ

(Басы 1-бетте)

Құрметті отандастар!

Мемлекеттің жаңа қадамдары бүкіл қазақстандықтарға, еліміздің барша азаматтарына игі әсер етеді.

Қоғам өз тағдырын Қазақстанмен тығыз байланыстырып, болашағын жоспарлаудың тың мүмкіндігіне ие болады. Бағдарламаны заңдық тұрғыдан бекіту қажет деп санаймын.

Оны іске асыру «әлеуметтік мемлекет» туралы конституциялық норманы жаңа, нақты мазмұнмен байыта түспек.

Заманауи жаһандық ахуалда ұлттық бірлік — әлеуметтік бірлік, ал қалыптасқан мемлекет — әлеуметтік мемлекет.

Біз өткенге салауат айтып, келешекке көз тіккен елміз.

Біз әлеуметтік мемлекет пен ұлттық өркендеудің шынайы, әрі сындарлы қазақстандық моделін міндетті түрде бірге жасайтынымызға сенімдімін.

Ардақты ағайын!

Бүгінгі бастамалар еліміз тұтас, қоға-

мымыз тұрақты болса ғана табысты жүзеге асады.

Ал, ел бірлігі — ең бірінші, қазақтың бірлігі.

Жаһандық көштің басында жүретін мерейлі ел болу үшін бірлік пен ынтымақ алдымен өзімізге, қазаққа керек.

Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар — халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген.

Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді.

«Ел бірлігі — ел теңдігі» деген — осы!

«Қазақ ордасының Ликургы» — Өз Тәуке елін татулыққа ұйыта білгендіктен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты.

«Байлық — байлық емес, бірлік — байлық» деген сөз сол заманнан қалған қағида.

Ел басына күн туған кезде барша қазақ Абылай ханның ақ туының астына жиналған соң ғана жерін жаудан тазарта алды.

«Біріккен жүз бытыраңқы мыңды



алады» деп бабаларымыз осыны айтқан.

Қазақтың осынау 3 ханы — ел тарихындағы 3 асқар тау, оларды асқақтатқан — ел бірлігі.

Сонымен бірге, алтыбақан алауыздықтың кесірінен еліміз аңырап, жеріміз қаңырап қалған кездер де аз емес.

Бұл да — тарихтың ащы сабағы. «Өткенге қарап, ертеңінді түзе» деген өсиет бар, себебі, өткеннің өнегесі — бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.

Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай табыстарға кенелуде.

Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балаласа да бұзылмайтын берік ауыз-біршілік керек.

Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ.

Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бөріне қазақ жауапты.

Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білейік.

Сонда ғана, халқымыздың атын иеленген қасиетті Қазақстанымыз көркейіп, дами береді.

Еліміздің көңілі жайлы, тұрмысы майлы болады.

Осыны үнемі есте тұтып, тың міндеттерді тындырымды жұмысқа ұластырайық!

Іске сәт!

ПІКІР



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Сенат Төрағасы:

— Елбасының әлеуметтік негізгі 5 мәселені шешу жөніндегі Жолдауы Қазақстан мемлекеттігін дамыту жолындағы ерекше тарихи кезең. Жолдау халқымыздың мүддесімен үндес келеді. Н.Назарбаев: «Ұлттық бірлік - әлеуметтік бірлік» депі.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, *Мәжіліс Төрағасы:*

ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАТЫЛ ҚАДАМ

— Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Парламент мінберінен жариялаған бес президенттік әлеуметтік бастамасы — шын мәнінде елімізді әлеуметтік жаңғырту жолындағы батыл тарихи қадам екені сөзсіз.

Президентіміз тәуелсіздік алған күннен бастап халықтың әл-ауқаты мен игілігін көтеруді бірінші кезектегі маңызды мәселеге қойып, осы жолда барлық жағдайды жасап келеді.

Ал қазіргідей бүкіл әлем экономикалық дағдарыстан әлі толық арыла алмай тұрған кезде, ауқымды әлеуметтік бастамаларға жол ашу — Елбасымыздың көреген, дана саясатының, болашаққа нық бастай білетін ерен ерлігінің кемісі.

Егемендік алған жылдар ішінде біз



Президентіміздің сындарлы саясатының арқасында әлем таныған абыройлы ел атанып, талай табыстарға жеттік.

Қазіргі уақытта Қазақстанымыз Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне аяқ басты.

Дәл осы уақытта жарияланған әлеуметтік бастамалар — Елбасымыз айтқандай, есеп-қисабы мұқият жасалған, «әлеуметтік мемлекет» жолында жігерімзді жанып, нақты іске жұмылдыратын елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар оптимистік жоба.

Онда еліміздің әрбір отбасын баспанамен қамтамасыз етудің, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын

көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайтудың, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақхана жағдайын жақсартудың, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие берудің, елді газбен қамтамасыз етудің тиімді тетіктері ұсынылып отыр.

Осының барлығы — еліміздегі миллиондаған азаматтардың мүддесін қорғайтын, өмір сапасын жақсартатын, жарқын болашаққа деген үміт-сенімдерін нығайтатын іргелі істер.

Сонымен бірге, барша қазақстандықтарды ортақ мақсат жолында бірік-

тіретін ынтымақтың, ырыс пен берекенің кайнар көзі.

Нақты айтқанда, бес әлеуметтік бастама — халқымыздың игілігін арттыра отырып, мемлекетіміздің тұрақты дамуы жолындағы ұлы мақсаттарды қамтамасыз ететін теңдесі жоқ, ерекше серпінді жоба.

Оны табысты жүзеге асыру жолында, Парламентке де зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Сондықтан еліміздің әлеуметтік мемлекет пен ұлттық өркендеудің шынайы, әрі сындарлы қазақстандық моделін жасауға жол ашатын әлеуетті бастамаларды өте жоғары деңгейде, сапалы заңдармен қамтамасыз ету — Парламент депутаттарының ең негізгі, ең жауапты, ең абыройлы міндеті.

Әли БЕКТАЕВ,
Сенат депутаты:

БАСТАМАЛАРДЫ ХАЛЫҚ ҚОЛДАЙДЫ

— Елбасының бұған дейінгі барлық Жолдаулары да халық өмірінің әлеуметтік мәселелері мен қырларын қамтитын. Бірақ Мемлекет басшысының бүгінгі «бес әлеуметтік бастамасын» шын мәнінде тарихи қадам деп бағалауымызға болады. Өйткені олар қазақстандықтарды толғантып отырған басты басты әрі көкейтесті проблемалардың шешімін ұсынады.

Бұл бастамаларды халқымыз толық қолдайды. Себебі, олар елдің тұрмыс-тіршілігін, әлеуетін, әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейді.

Әсіресе, ауыл тұрғындарын шағын несиелендіру маңызды болып табылады. Егер енді жыл сайын 14 мың адам микрокредит алып болса, елде кем дегенде осынша жаңа жұмыс орындары қосымша ашылады деген сөз. Егер сол азаматтардың біразы ісін кеңейтіп, ең кемі 2-3 адамға жұмыс берсе, 30-40 мың жұмыс орны құрылақ.

Бұл бастаманың үлкен маңызы бар. Себебі, кез келген қазақстандыққа өз ісін ашуға мүмкіндік жасалып отыр.

Менің ойымша, Елбасы тек ауылдықтар немесе жастар үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін үлкен әлеуметтік тарту жасады.

Серік БЕКТҰРҒАНОВ,
Сенат депутаты:

АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ

— Парламент палаталарының бірлескен отырысында айтылған Президенттің бес бастамасы миллиондаған азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға теңдесіз әсер ететіні сөзсіз.

Осы орайда, барлық қазақстандықтар Президент ұсынған бастамаларды бірауыздан қолдайтынына сенімдімін.

Елбасымыз әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешу жолдарын ұсына отырып, олардың нақты есептеулерге негізделгенін және қаржылай қамтамасыз етілетінін айтты.

Бұдан басқа, олар мультипликативті нәтижеге ие болады. Атап айтқанда, құрылыс саласын дамытуда тұрғын үй несиесінің қолжетімділігі бастамасы, шағын және орта бизнесті дамытуда азаматтарға берілетін микронесиедеуге бөлінетін соманы арттыру, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мен жоғары білім алуға бөлінетін гранттар көлемі мен қаржыны ұлғайту, жаңа газ құбыры салынатын өңірлерде экологияны жақсарту және тұрғындардың тұрмыстық мәселелерін шешу.

Елбасы ұсынған көлемді идеялар бір күнде туындамаған. Олар туралы сөз қозғау бір бөлек те, оларды нақты шешу үшін Президентіміз негіз қалыптастыратын маңызды бастамаларды ұсынып отыр. Қоғамдағы тұрақтылықты сақтай отыра экономиканы жоспарлы түрде дамыту арқылы Елбасы аталған күрмеуі қиын мәселелерді шешудің негізін нық қалыптастыра білді.

Қазақстанның ұстанып отырған жолы — азаматтарымыздың әл-ауқатын жоспарлы арттырудың, тұрақты қоғам қалыптастырудың, ортақ мақсаттарға қол жеткізуде күш-жігерді біріктірудің жолы.

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» фракциясының жетекшісі:

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУҒА ӨРІСТЕПІЛЕДІ

— «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» арасынан мен салық жүктемесін азайту арқылы жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейтуді атап өткім келеді. Бұл ретте алдағы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесі 10 есеге азайтылады, яғни 1% ғана салық ұстала бастайды. Бұл екі миллиондай адамды қамтымақ. Осыдан-ақ аталған бастамалардың әлеуметтік мағынасы айқындалады.

Сондай-ақ алда ауыл бизнесін қолдау, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындар арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту өрістетіледі. Ол үшін Үкіметке биыл қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізу жүктелді. Нәтижесінде, микрокредит алатындардың саны былтырғы жылмен салыстырғанда, 2 есеге артып, 14 мың

адамды құрауға тиіс. Сөйтіп, ауылда да қоғам мен экономиканың тірегі болар орта топты құру көзделеді.

Елбасы барлығын анық айтты, тапсырмалар жүктеді. Оларды тиімді жүзеге асыру міндеті енді Үкіметтің мойнында. Мемлекет басшысы бастамаларды табысты ілгерілету үшін қажетті мүмкіндіктердің және ресурстардың барлығын, есептемелері жасалғанын ескертті.

Владислав КОСАРЕВ,
Мәжіліс депутаты, «Халықтық коммунистер» фракциясының жетекшісі:

БҰДАН БҮКІЛ ҚОҒАМ ҰТАДЫ

— Мемлекет басшысының бүгінгі Үндеуі тек аға ұрпаққа ғана емес, жастарға да қызықты болса керек. Бұл — жастарды қолдауға бағытталған үлкен бағдарлама. Мәселен, Президент жы сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлуді жүктеді. Осылайша, грант бойынша ғылым мен маамандықты тегін меңгеретін қазақстандықтар саны бір жарым еседей өскелі отыр.

Бұл ретте Нұрсұлтан Назарбаев жаңа гранттардың 11 мыңы тек техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге бағытталуға тиістігін нықтады. Себебі, бізде әлі күнге заңгерлік, экономикалық және қаржыгерлік мамандықтардың басымдығы сақталуда. Ал техникалық-технологиялық өрлеуге екпін беретін мамандар аз.

Бұл бастама арқасында қанат қағар жаңа мамандар ел экономикасын көтеруге, техникалық жаңғыруға сүбелі үлестерін қосатын болады. Ертен жаңа жұмыс орындарын түзетін, жаңа өнімдерді жасайтын, озық технологияларды ойлап табатын да солар болады. Бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатының көтерілуіне ықпал етеді. Яғни, бұдан бүкіл қоғам ұтады.

Омархан ӨКСІКБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

— Президенттің бес бастамасы қазақстандықтардың біраз мәселесін шешуге бағытталған. Егер азаматтар өз мүмкіндіктерін

дұрыс жүзеге асыра білсе, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын түзетуге бар жағдай жасалауда.

Шыны керек, қазіргі уақытта қазақстандықтардың, әсіресе, жастардың үлкен мәселелерінің бірі әрі бірегейі — баспана түйтіктері. Басында баспанасы болмаса, ол адамның істеген ісінің берекесі де болмайды. Сондықтан Мемлекет басшысы осы түйінді тарқатуға баса мән беріп отыр.

Елбасының «7 — 20 — 25» бағдарламасындағы 7 пайыздық мөлшерлемелі жұртшылық үшін өте қолжетімді меже. Бұған дейін де «Тұрғынүй құрылысжинақбанкі» 5-8 пайызбен ипотека беріп келген, әрине, оған қол жеткізу үшін біраз уақыт жинақтау талап етілетін. Оның үстіне қазір банктер бастапқы жарнаға пәтер-үй құнының — 30, кейде тіпті 50 пайызын бірден салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 пайыздан аспауға тиіс. Бұл орта табысты отаңдастарымыз алдына ипотека алу мүмкіндігін ашады. Бұл біраз қазақстандықтың баспанасыздық мәселесін шешуге ықпал жасауға тиіс.

Ерлан САҒАДИЕВ,
Білім және ғылым министрі:

ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА КІРІСЕМІЗ

— Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясында біздің саламызға қатысты да өте жақсы жаңалықтар жария етілді. Осы өзекті мәселелерді көтеріп қана қоймай, шешімін айтқаны үшін Елбасыға ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Енді біз нақты жобаларды дайындап, іске асыруға кірісеміз.

Елбасы студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға лайықты назар аударуды тапсырды. Бұл ретте жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі көкейкесті болып отыр. Сондықтан Президент 2022 жыл аяқталғанша, студенттер үшін кемінде 75 мың орынды жаңа жатақханалар салу міндетін қойды.

Жатақханаларды университеттердің өздері де, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері бойынша бизнес те сала алады. Жергілікті әкімдіктер де бұл іске

тартылса, жол ашық. Ал біз жатақханалардағы әрбір орын үшін жан басына шаққандағы қаржылаңдыруды енгізетін боламыз. Бұл тетік осы саланы банктер және девелопер-компаниялар үшін қызықты етуге тиіс.

Менің ойымша, 75 мың орынды жатақханаларды үш-төрт жыл ішінде тұрғызып шығуға болады.

Елбасы тапсырмасы бойынша қосымша бөлінгелі отырған 20 мың грант жайына келсек, министрлік оларды мемлекеттік немесе жеке ЖОО-ларға өз бетінше бөлмейді. Ондай тәжірибе тиылған. Мемлекеттік білім гранттары ҰБТ қорытындысы бойынша бөлінеді. Ары қарай грантты жеңіп алған талапкерлер қандай ЖОО-ға — ұлттық әлде жеке университетке баратынын өзі таңдайды. Демек, жаңа гранттар да осы қағида негізінде өз бағытын табады.

Тек магистратура, докторантура бойынша гранттар ғана нақты ЖОО-ларға үлестіріледі.

Икрам ХАШИМЖАНОВ,
Қазақстан өзбектерінің «Достық» қауымдастығының төрағасы:

ЖАҢА БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРАМЫЗ

— Жалпы, Қазақстан Президентінің әрбір Жолдауы экономикалық ахуал сыртында, қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын да жақсартатын кезекті қадам болып саналатынын мәлім. Ал бүгінгі жаңа бес бастама нақты әлеуметтік мазмұнымен дараланып отыр.

Президенттің бастамаларды жүзеге асыруға Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері де белсене атсалысатын болады. Өйткені біздің ассамблея Елбасы айтқан бірлікті нығайту үрдісінің басынан табылуын шарт. Этносаралық татулық пен елдегі тыныштық арқасында еліміз осындай үлкен экономикалық, әлеуметтік серпіліс жасай алып отыр. Ынтымақты ары қарай да ырысқа ұластыру арқылы біз енді жаңа белестерді бағындыра аламыз.

Біз үшін «Президенттің бес әлеуметтік бастамасының» тарихи және саяси маңызы бар. Қазақстандағы барлық этнос өкілдері оны бірауыздан қолдап, шапағатының көктем шуағындай кең таралуына үлестерін қосарына сенімдімін.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары:

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ



— Елбасының ұсыныстары халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша зор әсерін тигізеді деп есептеймін.

Бүкіл әлем бойынша мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар кейінге шегеріліп, үкіметтер бұрынғы міндеттерінен бас тартып жатқан аумалы-төкпелі шақта Мемлекет басшысы осындай батыл бастамаларды қолға алып отыр.

Осылайша, Елбасымыз кезекті рет Қазақстан үшін халқының әлеуметтік жағдайы әрдайым басым бағыт болып саналатынын іс жүзінде дәлелдеп берді. Тіпті экономикалық жағдайдың еңсе түсірген кезінде де халықтың мүддесі жалпы-ұлттық күн тәртібіндегі басты мәселе болып қала берді.

Осы ретте жаңа бағдарламаны шын мәнінде бірегей етіп, маңызын арттыра түсетін бірнеше бөлімдерді атап өткім келеді.

Ең алдымен, бұл бастамалардың дер кезінде қолға алынып отырғанына ерекше назар аударған жөн. Мәселен, әлі күнге дейін жүз мыңдаған қазақстандық отбасылар үшін баспана мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Енді жаңа «7-20-25» бағдарламасы арқылы көптеген отандастарымыз үшін айтарлықтай тиімді ипотекалық займ алуға нақты мүмкіндік тумақ. Бұл бағдарламаны сәтті жүзеге асыра білсек, әлеуметтік ахуал ғана жақсарып қоймай, тұрғын үй құрылысының дамуына, экономиканың өсуіне, жұмыс орындарының

ашылуына және жеке кәсіппен айналысудың жаңа мүмкіндіктеріне де тын серпін беріледі.

Салық жүктемесін төмендету бастамасы да — халыққа әлеуметтік қолдау көрсетудің тиімді тетігі. Мемлекеттің салықты көтермей, керісінше салыстырмалы түрде жалақысы төмен азаматтардың жағдайына түсіністікпен қарауы да — үлгі боларлық жайттардың бірі.

Елбасының жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту бастамасы — стратегиялық қадам. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында елімізге жоғары білікті инженерлер мен ақпараттық технология және робот техникасы саласының мамандары қажет. Бұл — адам ресурстарына қосылған үлес және жарқын болашаққа салынған инвестиция.

Шағын несие беруді көбейту де — кәсіпкерлікті қолдау мақсатында уақытылы қолға алынған шара. Осы бастаманың арқасында тек қалалық ғана емес, сондай-ақ ауылдық жерлердегі мыңдаған қазақстандықтар өз кәсібін бастауға мүмкіндік алады. Соның нәтижесінде, еліміздің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесін 50 пайыздан кем қылмауға бағытталған стратегиялық мақсатымызға тағы бір табан жақындай түсеміз.

«Көгілдір отын» мәселесіне келер болсақ, елді газбен қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды жоба қуатты экономика жағынан айрықша мәнге ие. Одан бөлек, қоршаған ортаны қорғау ісіне де бұл бастаманың тағы бір маңызды қыры ретінде қарауға болады. Елбасы атап өткендей, егер Астанаға «көгілдір отын» жеткізілсе, тек слордамыздың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге дейін төмендейді. Бұл, әрине, өз кезегінде халқымыздың денсаулығына игі әсерін тигізеді.

Президенттің барлық бастамасы жан-жақты сарапталып, зерделенгенін және оларды жүзеге асыруға нақты қаржылай негіз бар екенін атап өткен жөн. Соның арқасында қазақстандықтар Елбасы тапсырмаларын жүзеге асырудың нәтижелерін таяу жылдарда сезіне алады.

Мемлекет басшысы бұл маңызды бастамалардың жүзеге асырылуын бақылауды «Нұр Отан» партиясына жүктеді. Осыған орай, Елбасы тапсырмасы партия жұмысының алдағы уақыттағы негізгі міндеті болатынын ерекше атап өткім келеді. Бұл — бастамалар әлеуметтік мемлекет және ұлттық әл-ауқаттың қазақстандық үлгісін былықтастыру аясындағы маңызды қадам. Сондықтан Президенттің стратегиялық бастамаларының орындалуына сапалы бақылауды қамтамасыз ету үшін барлық күшімізді жұмылдырамыз.

ерекше қуанышпен қабылдадым. Соның ішінде шағын несиеінің көлемін арттыру мәселесі болашаққа деген сенімді күшейте түсті. Биыл берілетін шағын несие былықтырғымен салыстырғанда 20 миллиард теңгеге көбейтілмек. Сол арқылы оның жалпы сомасы 62 миллиардқа жеткізіледі. Бұл — ауыл тұрғындары үшін, ауылдағы кәсіпкерлер үшін зор мүмкіндік.

Сонымен қатар баспана мәселесіне ерекше мән берілуі халықтың, әсіресе, жастардың ертенгі күнге деген сенімдерін күшейтіп, белсенділіктерін арттыра түсті. Одан бөлек жалақысы төмен азаматтардың салық жүктемесін азайту әлеуметтік тұрғыда өте үлкен серпіліс екенін атап өткен жөн. Алдағы уақытта осы бастамаларды жемісті жүзеге асыру үшін әр қазақстандық аянбай еңбек етіп, жұмыс істеуі керек.



Әнуарбек МҰХТАРХАНОВ,
«Нұр Отан» партиясы
Шығыс Қазақстан облыстық
филиалы төрағасының
бірінші орынбасары:

ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН МОЛ МҮМКІНДІК

— Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуі өте маңызды ақпараттар мен ел игілігіне бағытталған қадамдарға толы болды. Аса ыждахаттылықпен тындап шықтық. Мемлекет



Мұратхан ШҮКЕЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
Жамбыл облыстық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары:

МАҢЫЗЫ ЗОР БЕС БАСТАМА

— Елбасы жариялаған әлеуметтік жаңғыруға бағытталған бес бастаманың барлығы да өте өзекті.

Соның ішіндегі «7-20-25» бағдарламасы жүзеге асырылғанда қарапайым азаматтардың да ипотекалық несие алуы іс жүзінде мүмкін болады. Қазіргі жылдық үстемесі 16, алғашқы жарнасы 50 пайызға дейін, мерзімі 15 жылға есептелген ипотекалық шарттар, азаматтардың өмірлік маңызды мәселесі — тұрғын үй қажеттілігін шешу мүмкіндігін шектеп келген еді. Енді қаржылық қатынастар көкжиегінде тіршілігі қарапайым тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды.

Екінші бастама — табысы төмен азаматтардың салық жүктемесінің 10 есеге азаюы арқасында 2 миллионнан астам жұмысшының жұмыс берушіге салмақ түсірместен жалақысы көбейеді. Мұны Мемлекет басшысының Үкіметке берген прогрессивтік табыс салығын енгізу мүмкіндіктерін қарастыру туралы тапсырмасының алғашқы қадамы деуге болады.

Жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға



Нұрмахан ЖОЛДАСОВ,
«Нұр Отан» партиясы
Оңтүстік Қазақстан облыстық
филиалы төрағасының бірінші
орынбасары,
облыстық мәслихаттың депутаты:

КӘСІПКЕРЛІК САЛАҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

— «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» қазақстандықтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, жалақысы төмен азаматтардың салық жүктемесін азайту, сапалы білім алудың қолжетімділігін арттыру, елімізді газбен қамтамасыз ету және шағын несиелер берудің мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері көтерілген.

Оңтүстік жұртшылығы бұл бағдарламаны, әсіресе, салық жүктемесін азайту және шағын кредиттер берудің мүмкіндіктерін кеңейту бойынша бастамаларды ерекше қызығушылықпен

жетімсіздігі. Жас отбасылардың басым бөлігі баспананың жоқтығынан көп қиналып, қызжалат көруде, кейбіреулері кедейшіліктің кесірінен жаңысын тастап, кетіп қалып жатыр. Осы орайда, мемлекет тұрғындардың басым көпшілігіне баспана қолжетімді болатын бастама ұсынды. «7-20-25» жана жобасы жақын арада осы мәселені онтайлы шешуге мүмкіндік бермек. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру арқылы тек экономиканы емес, демографиялық мәселелерді де реттей алмақпыз.

Күні кеше демография саласына да инвестиция салудың маңызы жөнінде жазба жарияладым. Жалақысы төмен тұлғалар үшін салық мөлшерін төмендету мәселесіне келейік. Енді қалтасы жұқа іні-қарындастарымыз үшін салық жүктемесі 1 пайызға дейін төмендетілді. Бұл — әлемдік тәжірибеде бар маңызды шешім. Бастысы — үнемделген қаражат көзі осы азаматтардың жалақысын көтеруге бағытталмақ. Бұл қадам еліміздегі 2 миллионнан астам азаматтың еңбекақысын көтеруге мүмкіндік бермек.

Техникалық мамандықтардың грант санын көбейту мәселесі де — уақытылы жеткен маңызды қадам. Инженер, робототехника, нанотехнология және IT-технология сынды жаңа мамандықтарға мемлекет қосымша 20 мың грант бөледі. Еңбек нарығының сұранысы өзгергенін есепке алсақ, бұл — Төртінші өнеркәсіптік революция жолындағы уақыты жеткен қадам.

басшысы атап өткен оң өзгерістер өз дәрежесінде іске асырылса халық үшін аса маңызды, түйіпкілді бірқатар мәселелердің шешілеріне көзіміз жетті.

Президент айттып өткен баспана алудың тиімді мүмкіндіктері, шын мәнінде қарапайым халық үшін өте қолайлы. Әсіресе, 7 пайыздық үстемемен несие беру жастардың баспана алуына деген мүмкіндіктерін ондаған есе ұлғайта түсті. Алғашқы жарнаны 20 пайызға төмендетудің өзі — қарапайым адамға көрсетілген үлкен қолдау.

Жалпы, жастардың баспана және жұмыс мәселесі шешілсе, олар отбасын да құрады, өседі, өнеді. Соның нәтижесінде, еліміздің демографиясы құрт арттады. Сондықтан біз Елбасының жаңа бастамаларын ыстық ықыласпен қолдай отырып, оны іске асыру жолында аянбай еңбек етеміз.

бағытталған бастаманың да маңызы зор. Бұл бағытта бұрын да аз қолдау жасалған жоқ. Алайда бұл жолы өскелең ұрпақтан үнемдеудің дұрыс еместігін Елбасы тағы да еске салды. Қазіргі 54 мың грантқа қосымша бөлінетін 20 мың грант өте жоғары көрсеткіш болумен қатар, жаңа экономиканың индустриаландыру бағдарламасы, Төртінші өнеркәсіптік революция талап ететін техникалық бакалавр сияқты заманауи мамандықтарға деген қажеттіліктен туған. Сапалы мамандар дайылауға студенттерді жайлы жатақханамен қамтамасыз етудің де тікелей ықпалы бар.

Төртінші шағын несие көлемін ұлғайту бастамасы шағын және орта бизнесті дамытуға, әсіресе, ауылдық жерлерде кәсіппен айналысуға ниетті азаматтар үшін таптырмас құрал болып отыр. Микронесие көлемін 20 млрд теңгеге көбейтудің нәтижесінде 14 мың азамат өз кәсібін ашуға мүмкіндік алмақ.

Елбасы бесінші бастамасында елімізді газбен қамтамасыз ету ісіне назар аударды. Қызылорда облысының Қараөзегінен Жезқазған, Қарағанды, Теміртау, Астанаға жол тартатын газ құбыры тек аталған қалаларды тұрмыс пен өнеркәсіп үшін қолайлы энергиямен қамтамасыз етіп қана қоймай, жолшыбай орын тепкен елдімекендерді көркейтіп, жергілікті тұрғындардың күнкөрісін жақсартатын, кәсіпкерлік құрылымдардың көбеюіне ықпалы бар стратегиялық жоба.

Осындай маңызды бастамаларды орындау қажеттігін шегелей айтқан Елбасы «мәселе халықтың көптігінде, аздығында емес, мәселе — рухани бірлікте» деп, бұл бастамалардың жүзеге асырылуын қоғамдық қадағалау өзі Төрағасы болып табылатын «Нұр Отан» партиясына жүктелетініне баса назар аударды.

қабылдады. Өйткені бұл бастамалардың нақты түрде еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мен кәсіпкерлікті дамытуға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

Елбасының тапсырмасы бойынша биыл қазақстандықтарға берілетін шағын несие көлемі былықтырғымен салыстырғанда 20 миллиард теңгеге көбейетін болды. Сонда, жылына 14 мың азаматқа 62 миллиард теңге несие беріледі. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің талай уақыттан бері шешілмеген проблемаларын шешуге ықпал етеді. Өз нанын адал еңбегі мен іскерлік қабілетінің арқасында тауып отырған ауылдық кәсіпкерлерге нақты қолдау болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы — республикадағы халық ең тығыз қоныстанған аймақ қана емес, құнарлы топырақ, кең жайылымдарға бай, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп кеңінен дамыған берекелі өңір. Елбасы ұсынған бағдарламалардың барлығы ішкі тұрақтылық жағдайында, ұлттың рухани бірлігінің арқасында ғана іске асады. «Нұр Отан» партиясының Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы бұл бастамаларды жалғастыруға, іске асуын қадағалауға қашанда дайын.

Өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандардың мәселесін реттеу — еліміздің әлеуметтік жаңғыруының негізгі шарты. Осы істі онтайландыру үшін 14 мың азаматқа 62 млрд көлемде шағын несие беру ұсынылып отыр. Бұл қадам — ауылды аймақтардағы тұрғындарды кіші кәсіпке тартудың бірден-бір жолы. Өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың мәселелерін кешенді түрде шешу арқылы оларды еліміздің экономикалық айналымына тартуға мүмкіндік тумақ. Бұл өз кезегінде, ел экономикасын дамытуда аса маңызға ие — салық базасын кеңейтуге жағдай жасайды.

Әлеуметтік дамудың басты бағдары — ауылды жерлердің инфрақұрылымын дамыту, яғни, ел аймақтарының басым көпшілігін газ құбырларымен қамтамасыз ету. Елбасы үндеуінде газ құбырларының құрылысы мен ел ішінде көгілдір отынды жеткізудің жаңа маршруты жайында сөз қозғалды. Бұл мәселе бұған дейін сарапшылар деңгейінде талай талқыланып келді және осы тұста мемлекеттің азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесе жұмыс істеп отырғаны қуантады.

Біз — өз азаматтарының болашағына алаңдайтын әлеуметтік жауапкершілігі мол мемлекет екенімізді аса үлкен сеніммен айта аламыз. Бұл өз кезегінде, қоғамдағы әлеуметтік белсенділікті арттыруға септігін тигізеді. Қазақстанда әлеуметтік дамудың жекелеген үлгісі құрылуда.

Әділ АТИН:

— Қазақстан жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орына табан тіреді. Ел тұрғындарына несиеге жер учаскесін берер болса, қандай керемет болар еді. Отандастарымыздың әрбір істі дөңгелетіп әкетуге толық мүмкіндігі бар. Кіріпін құятын қазақтардың өзі қаншама? Біз үшін үй тұрғызу не тұрады дейсін?

Зәуре ЗАҚАНҚЫЗЫ:

— Соңғы уақытта көрген-білгеніме, естіп жүргеніме өзім сене алар емеспін. Шын мәнінде, Елбасы айтқан дүниелердің барлығы орындалатын болса, қалай болар екен?



Ерлан ҚАРИН:

— Мемлекет басшысының шенеуніктерге емес, еліміздің қарапайым тұрғындарына арналған бүгінгі Үндеуі, яғни бес басты бастамасы — мәні жөнінен де, мазмұны тұрғысынан да Президенттің кезекті Жолдауы. Елбасы қаңтар айында күн тәртібіне экономикалық мәселелерді шығарған болса, күні кеше әлеуеттің әуресін алған әлеуметтік жағдайды жүйелі түрде жанартуға бағытталған бағдарламасын ұсынды.

Бес басты бастаманың әрқайсысы миллиондаған азаматтардың мүддесіне қызмет етпек. Ел тұрғындарының кем дегенде, жартысынан көбі Елбасының әлеуметтік бағдарламасымен қамтылады. Осы себептен де, Президент тікелей эфирде және Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үндеу жолдады.



Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ:

— Мемлекет басшысы бастап берген әлеуметтік жаңғыру бағдарламасы отандастарымыздың қоғамдық деңгейін көтеруге ғана емес, сондай-ақ бүгінде аса маңызға ие — әлеуметтік мемлекет құндылықтары, әділдік қағидасы, әлеуметтік бірегейлік және өзара көмек көрсету мен демеу болудың ізгіліктеріне бағытталды.

Мемлекеттік мекемелерге ұрандатудың уысынан босап, нақты тапсырмаларды жүзеге асыруды тапсырды. «Нұр Отан» партиясы — бақылаушы.

Меніңше, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен бүгінгі әлеуметтік бастамасы — ел тұрғындарының ұлттық бірлігі мен қоғамдық бірегейлігін нығайтуға бағытталған бірыңғай кешенді платформа.



Айдос САРЫМ:

— Тұрғындардың басы ауырып, балтыры сыздайтын тұсы — баспана мәселесі. Осы тұрғыда, Елбасы атап өткен жаңа бағдарламаның маңызы зор.

Тұрмағанбет КЕНЖЕБАЕВ:

— Мемлекет басшысы Үндеуінде айтқандай, қазақ тілін жаңа деңгейге көтеріп, әлеуметтік реформаларды тұрмыс-тіршілігімізде жүзеге асыратын болса, онда өзге басшылардың ешқайсысы Елбасымызбен теңдесе алмас еді.



Ерлан САИПОВ:

— Әлемде ғаламдық теңсіздіктің үрейлі үдейе түсу үрдісі байқалауда. Бүкіл адамзат білек сыбанып, қызмет қылып, маңдай терін төккен дүние-мүлік, қаржы-қаражат барлық адам үшін қолжетімсіз. Сондықтан бүгінгі

басты тапсырма — әлеуметтік үдерістерді мемлекет тарапынан реттеу.

Негізгі нысанаға алынған мәселе — әрбір азамат адамзат қалаған дүниенің, мүліктің бір бөлігін иелене, иемдене алса игі және бұл ұтқыр ұстаным, дұрыс бағыт.

Біздің мемлекет осы бағытты басымдыққа ала отырып, дамуың даңғыл жолына түсті.

Мемлекет басшысының Парламент палаталарының бірлескен отырысында жасаған Үндеуі аса қуатты. Президент бес әлеуметтік бастама көтерді. Оның әрқайсысы бөлек-бөлек талқылауды қажет етеді. Жеке көзқарас және болжамы жайында бөлісуді жөн көрдім.

Ел тұрғындарының басы ауырып, балтыры сыздайтын тұсы — тұрғын үй мәселесінің қол-



Вячеслав ДОДОНОВ:

— Тұрғын үй мәселесін реттеуге бағытталған бастамасын ерекше атап өтуге болады. Өйткені «7-20-25» жаңа бағдарламасы ұсынылды. Бұл жоба тұрғындардың тұрмысы төмен топтарын қолжетімді баспанамен қамтуға бағытталып отыр. 25 жыл мерзімге 7 пайыздық мөлшерлемесімен ай сайынғы төлем әжептәуір азаяды, бұл бұған дейін баспана несиеcін төлеуді қалтасы көтермей жүргендер үшін жақсы мүмкіндік болмақ. Тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге және жалпы экономика қарқынын үдетуге арналған игі бастама деуге толық негіз бар.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Өткен аптада «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесінің кезекті жиыны өткені туралы хабарлаған едік. Аталған жиында кеңестің төрағалық тізгінін Мәжіліс депутаты, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Бекболат Тілеухан ұстаған еді. Осы ретте «Мирастың» мәдениет пен өнерді дамытудағы рөлі мен алдағы мақсат-міндеттерін білу үшін Бекболат Қанайұлын сөзге тарттық.



Бекболат ТІЛЕУХАН: «МИРАС» КЕҢЕСІ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

— Бекболат Қанайұлы, заң шығару, этноспорт салаларындағы қайраткерлігіңізге «Нұр Отанның» қоғамдық кеңесіне төрағалық ету жауапкершілігі қосылып жатыр, құтты болсын. «Мирас» кеңесінің қоғамдағы абырой-мәртебесі қандай?

— Рақмет. Биыл кеңестің құрылғанына 8 жылға жуықтапты. Осы уақыт ішінде «Мирас» бас партиямыздың іргелі консультативтік-кеңесу институтына айналды.

Кеңестің мүшелері — өз саласының қордаланған мәселелерін ішінен білетін мәдениет пен өнердің белгілі қайраткерлері, шығармашылық адамдары. Бізде мәдениет пен өнерді дамыту бағдарламалары және олардың орындалуы туралы министрлерден бастап, жауапты органдардың өкілдеріне дейін баяндама жасап, есеп береді. Кеңес жиындарының — талқылау, ал шешімдерінің ұсыныстық сипатына қарамастан, «Мирас» мемлекет пен қоғам арасындағы диалог құрушы платформа қызметін атқарып келеді.

— Кеңес алдына қандай мақсаттар қояды? «Мирастың» табыс критерийі немен өлшенеді?

— «Мирастың» басты мақсаты — Елбасымыздың мәдениет пен руханият

саласындағы бастамаларына қолдау білдіру, атқарушы органдардың осы бағыттағы жұмыстарына мониторинг жасай отырып, тиімді шешімдерді жүзеге асыруға ұсыныстар беру. Негізгі табыс өлшемі кеңесте айтылған ұсыныстар мен ұсынылған шешімдердің жерде қалмай, күзиретті органдарға жетіп, іске асуы деп білемін.

Дегенмен кеңестің міндеті мәдениет пен руханияттың маңызды мәселелері талқыға салынатын жиындар өткізумен шектелмейді. Біз партияның мәдениет пен өнер саласындағы басым бағыттары мен оларды жүзеге асыру шараларын, мәдени бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге қатысамыз. Мұның сыртында, барлық облыста аймақтық платформаларымыз жұмыс істейді.

— Алдағы уақытта қандай тақырыптар талқыға салынады? 2018 жылға арналған күнтізбелік жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

— Елбасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуін жариялады. Үндеуде білім алудың қолжетімділігі мен студент жастардың жағдайына байланысты арнайы бастама айтылды. Бұған қатысты «Мираста» арнайы талқылау жасайтын ойымыз бар.

Соңғы уақытта латын қарпіне көшу тақырыбы қоғамда қызу талқыға түсті. Алдыңғы апострофты нұсқада келіспейтін тұстарымның барын айтып, жеке пікірімді білдірген едім. Енді сөзбұйдаға сала бермей, осы мәселеде нақты бір шешімге тоқтағанымыз дұрыс деп ойлаймын. Кейбір нәрселер жүре жетіле жатар. Жалпы, латын қарпіне көшуге қатысты саяси шешім қабылданды. Енді ары қарай соңғы нұсқасына қатысты жана емле ережелерін айқындау, оқулықтарды әзірлеу, бұқараны дайындау сияқты істерді ретімен бастау керек. «Мирастың» үлес қосатын бір тұсы — осы жер.

Руханият бағытындағы кеңес болған-дықтан, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы қамтитын бағыттарды назарда ұстаймыз. Әсіресе, ұлттық код ұғымы айналасында талқыға салып, ақылдасатын бірталай тақырып бар. Ең бастысы, кеңес жұмысының практикалық және идеологиялық пайдалы ықпалы болуы керек. Партия Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Сағатханұлының да алға қойып отырған талабы — осы.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ

ӨЛКЕ ЖӘНЕ ҰЛАНДАР

Елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар қоға алына бастады. Осындай игі шараның бірін ұйымдастыруға Ақмола облыстық білім басқармасы мұрындық болды.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Облыстық білім басқармасы мен Балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетанушылар мен экологтардың облыстық орталығы «Ақмола облысында мектеп музейлерін дамыту бағдарламасы» жобасын дамыту аясында тәжірибелік конференция өткізді. Teach-in форматындағы жиын «Өлкетану және балалар: идеялар және тәжірибе» деп аталады.

Басқосуға музей мамандары, тарих пәнінің мұғалімдері, өлкетану және туризм үйірмесінің жетекшілері, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Костанай облыстарынан қалалық және аудандық білім басқармасының өкілдері, Щучинск қаласындағы педагогика колледжінің және жергілікті университет студенттері мен басқа да құзырлы орындардан білікті мамандар қатысты.

— Конференцияны өткізудегі мақсатымыз — өлкетану саласындағы кейбір мәселелерді мекемеаралық шешуді талқылау, мектеп музейлері қызметін дамытудың жолдарын қарастыру, тәжірибе алмасу, кәсіби тарихшы-өлкетанушылар құрамын жасақтау, — дейді Ақмола облыстық білім басқармасы жанындағы Өлкетану және экология орталығы директорының орынбасары Лейла Толысбаева. — Жиынға қатысушылар ең алдымен Шортанды — Бұрабай құрортты аймағында болды. Өйткені қонақтардың көпшілігі бұл жермен жақсы таныс. Сондықтан кездесуге қызығушылықты арттырып, жұмыстарына тын серпіліс алу үшін де осында бас қосқанды жөн көрдік.

Шынында, кейде ересектердің өзі бала болып кетеді. Бұл жолы да солай болды. Айнала тылсым табиғат, мұз қатқан сулардағы тастар, шыңға өрмелеген шыршалар — мұның барлығы аймақтың әдемілігін айшықтай түсетін көріністер. Бұрабайда аңызға айналған жерлер де жеткілікті. Бұл тарихшылардың назарын аудармай қоймайды.

Сол күні кешкілік Бұрабай ауданында «Мектеп музейлерін ұйымдастыру



формалары» тақырыбында жиын өтіп, қатысушылар өлкелік музейлер кешенін құру тәжірибесі мен теориясын, осы саладағы білім мен дағдыларды, жеке-леген тәжірибелерді, алдағы уақытта ұйымдастырылатын шараларды талқылады. Облыс аймақтарынан түсірілген фоторепортаждар көрсетіліп, тұсаукесерлер ұйымдастырылды.

Щучинск қаласындағы №7 мектеп-гимназияда өткен пленарлық шаралар да назар аударарлықтай болды. Бұл жолы оқушылар қонақтарды күйшілер оркестрімен қарсы алды. Этноауылды тамашалап, аймақтың бай табиғаты туралы таным-түсініктерін кеңейткен жұртшылық «Рухани жаңғыру» кабинетінің жұмысына зор баға берді. Жиынға қатысушыларды Ақмола облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Ботагөз Дүйсенова құттықтады.

Пленарлық отырыста ұжымдық монография таныстырылып, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан халқы ассамблеясы Ақмола облыстық бөлімшесінің ғылыми-сараптама тобының жетекшісі Ардақ Қапышев рухани құндылықтар төңірегінде сөз қозғалды.

Ұлттық музейдің жетекшісінің орынбасары Батырхан Жұмабаев қазіргі Қазақстан жағдайында жастарды тәрбиелеуде құндылықтардың қажеттілігі төңірегінде әңгіме өрбітті. Әсіресе, Ақмола облыстық жалпы білім беру мектептерінің 5-7 сыныптарына арналған «Өлкетану» оқу-методикалық кешенінің таныстырылымы қонақтардың қызығушылығын тудырды.

Ш.Уәлиханов атындағы университеттің экология кафедрасының оқытушысы Иван Плачинца бұл еңбекті жасауда көп ізденгені көрініп тұр. Келесі оқу жылында осы оқулық негізінде жаңа сабақтар өткізіле бастамақшы.

«Өрлеу» АҚ филиалының аға оқытушысы Серік Уәлиев Үшінші жаңғыру жағдайында жас ұрпақты тарихи мұраларды сақтауға дағдыландыру аясында өз ойымен бөлісті. Сонымен қатар Ақмола облыстық өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері Күміс Қасымбаева, педагогика ғылымдарының кандидаты Арман Өмірзақов жасаған баяндамалар да жұрт көңілінен шықты.

Конференция қорытындысында өлкетану мәселелерінде мекемеаралық байланыстарды жандандыру, Солтүстік Қазақстан, Костанай және Қарағанды облыстары бойынша балалар мен жас өспірімдер арасында өлкетану мен туризмді дамыту меморандумына қол қойылды.

Ендігі жерде сала мамандарының біліктілігін арттыруға, өлкетану жұмыстарында аймақты танымал ететін қызықты шаралар ұйымдастыруға, өлкетану бойынша туристік сапарлар өткізу, жас өлкетанушылардың кіші академиясының жұмысын жандандыру, археологияға мән беру, мектеп музейлеріне методикалық көмек көрсету секілді ондаған мәселеге мән берілмекші.

Конференция соңында барлық қатысушыларға сертификаттар беріліп, Ақмола облыстық білім басқармасының мақтау қағаздары тапсырылды. Бір шараның аясындағы жиын жас ұрпақты жақсылыққа, туған өлкесін сүюге тәрбиелейтіні даусыз.

ТРЕНИНГ

Жуырда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Ішкі тренерлері ITS (In-house trainer school) жобасы аясында Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған тренинг өткізді.

Education Day шарасында ҚМГ БӨ 9 ішкі тренері 12 тақырыпта, атап айтқанда, Д.Таскымбаев «Сапалы тауарларды, жұмысты және қызметті сатып алу — компания стратегиясын жүзеге асырудағы табысты қадам», Ж.Жақашев «Өлшеу құралдары — цифрлы өндірісті ажырамас бөлігі», Э.Каримова «Корпоративтік мәдениет: жақсарту бағыты», «Мотивациялық әлеует формуласы», А.Конысбаева «Қаржыгерден лайфхактар», Ж.Темірғали «Ішкі коммуникация», «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаныз», А.Акем «Сатып алуды білсем, Қырымда тұрар едім», Е.Сәбікеноұлы «Мұнай өнімдерін сату», «Өзіңнен баста», Ж.Аралбаева «Жоғары тиімді адамдардың 7 дағдысы», А.Жаксиева «Менің денсаулығым — өз қолымда» тақырыптарында шеберлік сағатын өткізді. Шараның ашылуында ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Г.Шарафетдинова қатысушыларға сәттілік тілеп сөз сөйледі. ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменттің директоры, ішкі тренер Э.Каримова қатысушыларға «Ішкі тренерлер мектебі» жобасы туралы айтып берді. ITS жобасының іске асырылуы жолында қатысушылармен жұмыс жүргізіп келе жатқан бизнес-тренер И.Валиуллов «Үздіксіз даму заманауи әлемнің талаптарына жауап» мазмұнындағы тақырыпта тренинг өткізді. Бір күн бойы өткен «Білім күні» шарасына «Ембімұнайгаз» АҚ орталық аппаратының және мұнайгаз өндіру басқармаларының қызметкерлері қатысты. ҚМГ БӨ



Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменттің директоры, ішкі тренер Э.Каримова «Ішкі тренерлер мектебі» — ҚМГ БӨ қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін шыңдау, жаңа деңгейге көтерілу, жан-жақты маман болу, базалық білімдері мен тәжірибелерін таратуда үлкен мүмкіндік болғанын» атап айтты. Естеріңізге салайық, ҚМГ БӨ бұл жобаны 2016 жылдың желтоқсан айында іске қосты. 1 жылдан астам уақыт ішінде жобаға қатысушы ҚМГ БӨ қызметкерлері тренер болуға оқыту, машықтану, үйрену әдістемелік семинар-кеңестер, тренингтерден өтті. Ерекше жобаға ҚМГ БӨ бас директоры К.Есқазиев үлкен қолдау көрсетті. Компанияның HR департаменті жобаның жүзеге асырылуы жолында ауқымды ұйымдастыру жұмыстарын атқарды. Үміткерлер тренер болуға қойылған талаптарды сәтті орындап, іріктеу кезеңінен өтті. Жыл бойы

өздерінің алған білімдерін енді нақты іс жүзінде көрсетуде. Education Day шарасында ҚМГ БӨ ішкі тренерлері өткізген тренинг-шеберлік кластары бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері өз пікірлерімен бөлісті.

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры:

— Білім күні бізде осындай деңгейде алғаш өтіп отыр. Оған 4 мұнай өндіру басқармасы және 2 қосалқы шаруашылық құрылымдардан 90 маман қатысты. Әрине, олардың дені — жастар. Бұған дейін бейнероликпен жіберілген хабарламада ҚМГ БӨ ішкі тренерлері қандай тақырыптар бойынша тренинг өткізетіні туралы айтылды. Біз ол бейнероликті барлық құрылымдық бөлімшелерде жұмысшыларға көрсеттік, олар өз қалауларын білдірді. Сол бойынша тілек



Жазира МӘЛІК,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орны геологы:

— Мұндай тренингке бірінші рет қатысып отырмын. Тренингтің өзіндік бағыт-бағдары, өту барысы, әртүрлі ойындар, ситуациялық сұрақтары қызықтырды. Тренер Ж.Темірғалидың «Ішкі коммуникация», «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаныз» тақырыптарындағы мәселелер, яғни басшылық пен жұмысшы арасындағы және әріптестердің өзара қарым-қатынастары, өзінді қалай ұстау керек, әдеп, мәдениет, ақпараттың нақтылығы, әлеуметтік желіде айтар сөзіңді абайлап, ескіп білдіру сынды тұжырымдардың дұрыстығына көзім жетті. Жалпы, қай-қайсысы да жалықтыратын тақырып емес, қызықты, тартымды өткені анық. Айтарым, осындай тренингтерді өндіріс басында әріптестеріммен бірге өткізудің мүмкіндігі болар ма екен? Сонда жақсы болар еді.

Мәулен МҰХАМБЕТАЛИЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен орны мұнай өндіру операторы:

— Жиналыс түрінде емес, өпдегеннен-ақ, сұрақ-жауап, командалық жұмыс, өзіннің пікірінді, идеянды қорғап шығу, ойын, талас-тартыс түрінде өткені қуантады. Е.Сәбікеноұлының «Мұнай өнімдерін сату» тақырыбындағы сұрақтар мен тапсырмалар да әралуан болды. Өнім өндірілген сәттен бастап ол қайда барады, қалай сатылады, кімдермен байланыс орнатады, ондағы әріптестік байланыс жұмыстары, тағы басқа мәселелер сөз болды. Танертеннен кешке дейінгі уақытымыз, күніміз босқа өткен жоқ, біраз нәрсені үйреніп, хабардар болдық.

Алтынбек ТОЛЫМБЕК



Алдағы күндері сәуірдің алғашқы лебімен «Тенізшевройл» ЖШС Қазақстандағы ширек ғасырлық қызметін атап өтеді. Осы аралықта Атырау өңірінің түлеуіне ТШО аз үлес қосқан жоқ. Аймақтың ажары кірді. Мұнайдың күші жергілікті халықтың әлеуметтік өміріне көп өзгеріс әкелді. Сондай-ақ ТШО өзінің күмістойына жаңа рекордтармен жетті.

Сөзіміз жалаң болмасын, осы 25 жылда ТШО Атырау облысының әлеуметтік жобаларына 1,4 миллиард доллардан астам қаражат салыпты. Ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламалар аясында құны 230 миллион доллардан асатын 110 жоба жүзеге асты. Бұл дегеніміз — үйге келген көгілдір отын, нан зауыты, қазандық, емханалар, мектеп, балабақша, демалыс орындары... Тізе берсең ел тіршілігін түрленткен тірліктердің легі.

Ең бастысы, шетелдік инвесторлар өңірге әлеуметтік бизнес мәдениетін, яғни қоғаммен қарым-қатынастың адамгершілікке құрылған үлгісін алып келгенін мойындаған жөн. «Тенізшевройл» батыс өңірде ғана емес, бүкіл республикада корпоративтік жауапкершіліктің стандарттарын енгізуге айтарлықтай ықпал етті.

Таяуда «Тенізшевройл» өзінің өзгермейтін дәстүрі бойынша Алматыда бұқаралық ақпарат өкілдерінің қатысуымен кезекті есебін берді. Яғни, 2017 жылдың қорытындылары жарияланып, жаңа табыстар туралы баяндалды.

«Тенізшевройл» ЖШС бас директоры Тед Этчисон сөзін өндіріс барысындағы қауіпсіздік техникасымен қоршаған ортаны қорғаудан бастады. Бірақ БАҚ өкілдерімен дәстүрлі басқосу жергілікті кадрлар мәселесінен айналып өтпейді. Бұрынғы зауыттардан бөлек, қазір Тенізде үшінші буын зауытының құрылысы — «Келешек кенею жобасы — Үңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы» (ККЖ-ҰЕКБЖ) қарқынды жүруде.

Жуырда осы зауыттың операторлығына үлкен байқау жарияланып, 5 мыңдай үміткердің ішінен 60 маман іріктелініп алынған. Сол 5 мың үміткердің өзі де құжаттары талапқа сай тәжірибелі қызметкерлерден құралған.

Қысқасы, жаңа жобалар жергілікті кадрлардың қатарын арттырып отыр. Және осы ширек ғасырда өндірістің басы-қасында жүріп тәжірибе байытқан мықты мамандар легі пайда болғанын мақтаншы тұту қажет.

Мерейтойлық мәслихатта жергілікті қызметкерлердің кәсіпқойлығын шыңдауға жұмсалған инвестиция жайы айтылды. Бүгінде ТШО-да жұмыс істейтін отандастарымыздың үлесі 1993 жылғы 50 пайыз көрсеткішпен салыстырғанда 83 пайызға жеткен. ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, жоғары және орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 67 пайызын құрайды. Нақты айтқанда, 2007 жылдан бері 156 Қазақстан азаматы сырт мемлекеттерде, өндіріс барысында білімін көтеріп, тәжірибесін байыта келе бас-



АЙМАҚТЫҢ АЖАРЫН ӨЗГЕРТКЕН ТЕҢІЗШЕВРОЙЛДЫҢ ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРЫ

шылықтағы және техникалық бөлімдердегі шетелдік мамандардың орнын алмастырған.

Бүгінде ТШО кадрлары жасарып келеді деп айтуға негіз бар. Екінші буын зауытындағы операторлардың орташа жасы — 30. Ынтымактаса қимылдайтын қызметкерлер бәрі де өзіне байланысты екенін біледі. Жұмысты жауапкершілікпен сапалы атқарса, ертеңгі күнім не болады деп аландамайды. Әркімнің еңбегі мен біліктілігіне сай алатын жалақысы бар.

Не десек те, компания биыл атап өтетін күмістойына ауыз толтырып айтарлық табыстарымен келіп отыр.

Ең ірі Теніз мұнай-газ кен орнын игеріп жатқан «Тенізшевройл» 2017 жылдың қорытындысына сәйкес, шикі мұнайдың 28,7 млн тоннаға (229 млн баррель) тең рекордтық көлемін өндіріп, мұнай нарығындағы көшбасшылық орнын кезекті мәрте бекітті. 25 жылдықтың бедеріндегі ең жоғары жылдық көрсеткішке қол жеткізді.

ТШО бас директоры Тед Этчисон компания 2018 жылы атап өтетін мерейтойын өндіріс саласында ғана емес, сонымен бірге, басқа да сабақтас салалардағы тамаша нәтижелерімен қарсы алып отыр деді. Яғни, өткен жылы сұйытылған газ сату көлемі — шамамен 1,38 миллион тоннадан асып, құрғақ газ сату көлемі 7,45 миллиард текше метрге, ал күкірт сату көлемі 2,49 миллион тоннаға жетті.

Сонғы он жылдағы осынау үздіксіз табыстар 2008 жылы жүзеге асырылған Шикі газды айдау және екінші буынға жататын зауыт сынды жобалардың арқасында ұлғайып келеді. Осы жобалардың нәтижесінде, Тенізде тәулік ішінде



өндірілетін мұнай көлемі 75 мың тоннаға (600 мың баррель), ал табиғи газ көлемі 22 млн текше метрге (750 млн текше фут) жетіп отыр.

Тед Этчисонның айтуынша, компанияның биылғы көрсеткіштерден де биік межеге жетуге қауқары жеткілікті.

Бұл күндері Тенізде алып құрылыс кестеге сай жүруде. Үшінші буын зауыты — 2016 жылы ТШО серіктестерінің ККЖ-ҰЕКБЖ-ны қаржыландыру туралы ақырғы шешімді мақұлдағаны аян. Осы мәмілеге сәйкес, 2022 жылға қарай кен орнындағы бұл алып жоба аяқталуы тиіс.

Жоба дүниежүзінің 11 елінде орналасқан 19 орталық арқылы жүзеге асады. Бұл зауыт мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тонна немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттыра отырып, мұнай өндірісінің жылдық көлемін шамамен 39 миллион тоннаға немесе тәулігіне 850 мың баррельге жеткізуді көздейді. Әрі қолданыстағы нысандардың толық қуатпен жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ететін алып жоба.

Өткен жылы бірқатар қосалқы нысандардың құрылысы аяқталған.

Қазіргі таңда ККЖ-ҰЕКБЖ нысандарының құрылысы әлемдік стандарттардың озық үлгісіне сәйкес, қаражатты үнемдеу мақсатында бір

тың модульдері алдын ала жинақталып, одан кейін соңғы құрастыру үшін Теніз кен орнына жеткізіледі. 2016 жылдың қазан айында Маңғыстау облысында орналасқан ЕРСАЙ өндірістік алаңында құбыр эстакадаларын жасау басталып, қазіргі таңда жұмыстар жоспарға сәйкес орындалуда. Оған қоса Италияда газ турбиндік генераторларды жасау және Оңтүстік Кореяда модуль жасау жұмыстары жоспарға сәйкес орындалуда. Модульдерді тасымалдайтын кемелерді жасау жұмыстары Вьетнам мен Румынияда жалғасуда. Қазірдің өзінде алғашқы 10 модуль жеткізетін кеме суға түсірілген. Болашақта бұл кемелердің үшеуі Қазақстанның меншігіне өтеді.

Егер мұнай өндіру ісі жалпы адамзат баласы үшін болса... мұнайлы өңірдің жеке адамдар үшін қандай игілі бар деген сұрақтың туындауы да заңдылық. Осы арада ТШО-да аймақты әлеуметтік тұрғыда қолдауға қатысты екі бірдей бағдарлама жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Оның бірі — «Игілік» әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы болса, екіншісі әлеуметтік инвестициялық бағдарлама. 2017 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау және білім беру салаларына қолдау көрсету мақсатында ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар

бағдарламасына 1,06 миллион АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсалған.

Тек өткен жылы Атырау облысында маңызды 9 әлеуметтік инфрақұрылымдық жоба жүзеге асса, бұлардың қатарында мамандандырылған техникалық гимназия мен Атырау қаласында тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналған Ретро-саябақтың құрылысын бөлек-жарып атап өту ләзім. Мысалы, ТШО-ның Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев «Игілік» бағдарламасы Атырау облысының әлеуметтік келбетінің өзгеруінде маңызды рөл атқарғанын нақты атқарылған жобалармен дәйектей келе, ол есеп түріндегі емес, іс жүзіндегі жасқылдықтар екенін атады.

Қысқасы, 1993 жылдан бері әлеуметтік жобаларға жалпы 293 миллион доллар бөлініп, 110 нақты жоба іске асқан. Ең бастысы, «Игілік» бағдарламасына бөлінген қаражаттың тиісті мақсатқа жұмсалудына қатысты жергілікті билік, әкімшілік және БАҚ тарапынан авторлық, техникалық бақылаулар бар. Осы бағдарламаға тартылған үкіметтік емес ұйымдар да арнайы комиссия алдында есеп береді.

Өз кезегінде Тед Этчисон мырза Алматыдағы БАҚ жетекшілерінің қатысуымен өткен жиында ТШО-ның қызмет етіп келе жатқан жылдары ішінде компанияның Қазақстанға бағыттаған тікелей қаржылай төлемдері 125 млрд доллардан асып түскенін мәлімдеді. Бұл қаражаттың ішінде қазақстандық қызметкерлерге төленген жалақы, отандық тауар өндірушілер мен жеткізушілерден сатып алынған тауарлар мен қызметтер, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылған төлемдер, қазақстандық серіктеске төленген дивидендтер, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке салық және роялти түрінде аударылған ақша қамтылған. Бұрынғысына, жоғарыда атап өтілген әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында 1 млн долларға тарта қаржы аймақтағы денсаулық сақтау және білім беру саласын қолдауға бағытталады.

Серік ӘЛІМЖАН



АҚЫРЗАМАН АДАМДАРЫ АЗОТПЕН ТЫНЫСТАЙ МА?

«Қазгидромет» РМК мәліметіне қарағанда, соңғы күндері метеорологиялық жағдайлар аластаушы заттардың атмосферада жиналуына ықпал етіп, Алматы, Астана, Ақтау, Жаңаөзен, Ақтөбе, Атырау қалаларында ауа сапасының төмендеуіне себеп болған. Бұл мыңдаған адамдардың денсаулығына әсер етті.



Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бүгінгі заманның жаһандық проблемалары — әлемге қауіп төндіретін катаклизмдардың көбеюі, климаттың өзгеруі, ауысу тапшылығы, атмосфераның қызуы мен ластануы. Солардың ішінде атмосфераның ластануы денсаулыққа зиян тигізуші факторлардың ішіндегі ең маңыздысы болып отыр. Бүгінде планетамызды мекендейтін халықтардың ортақ байлығы — оттегі тапшылығы әсіресе, ірі мегаполистерде қатты сезіліп жатыр. Бұл — жүздеген фабрика, зауыт жұмыс істеп жатқан 20-25 млн халқы бар әлемнің ірі қалаларына ғана емес, Қазақстанның Алматы, Шымкент, Тараз, Ақтау, Өскемен, Балқаш, Теміртау, Петропавл сияқты аздаған өндіріс орны бар қалаларына да төн экологиялық проблема.

Қазақстан — жыл сайынғы ұлттық шығарындылары 300,9 млн тонна СО² құрайтын, атмосфераға булы газдарды көп шығаратын Еуропа мен Орталық Азия елдері ішіндегі ірі эмитенттердің бірі. Бұл ретте жалпы булы газдардың 82%-ы — энергетикалық секторға тиесілі. Одан кейінгі орындарда ауыл шаруашылығы (9,6%) және өнеркәсіптік процестер (6,4%). Өндірілген электр энергиясының 80 пайыздан астамы көмірге тиесілі, одан кейін — табиғи газ (7%) және су энергиясы (8%). Болашақта климаттың бұзылмауын сақтаудың маңыздылығын есепке ала отырып, Қазақстан жалпы булы газдарды шығаруды 1990 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 15 пайызға азайтуды жоспарлап отыр.

Атмосфераға шығарылған зиянды заттар, газдар, химиялық элементтердің мөлшерін «Қазгидромет» РМК үнемі бақылауда ұстайды. Бұл мекеменің мәліметі бойынша жыл сайын орта есеппен республиканың әрбір шаршы шақырымына 1,13 тонна зиянды заттан келеді екен. Зиянды заттарды атмосфераға шығару мөлшері — Павлодар (763,0 мың тонна), Қарағанда (601,6 мың тонна), Жезқазған (487,0 мың тонна), Шығыс Қазақстан қаларында (170,0 мың тонна), Костанай (170,0 мың тонна), Ақмола (120,0 мың тонна), Атырау (90,0 мың тонна). Бұл аймақтарда жылу энергетикасы, металлургия, мұнай-газ кәсіпорындары шоғырланған. Атмосфераның ластану индексі (АЛИ) бағалау бойынша соңғы жылдарда ауасы ең көп ластанатын қалаларға Жезқазған, Теміртау, Балқаш, Өскемен, Ленингор, Зырян сияқты өндіріс орындары көп қалалар кіреді. Халықаралық сарапшылардың мәлімдеуінше, Қазақстанның 15 қаласындағы ауаның денсаулыққа зиянды заттармен ластану деңгейі өте жоғары. Quality of Living Survey халықаралық зерттеулерінің мәліметінше, Алматы қаласын әлемдегі 230 ірі қаланың ішінде 176-орында тұр. Бірақ әлгі 230 қаланың жартысынан көбіне 10 миллионнан астам тұрғыны бар көрінеді. Біздің Алматының халқы екі миллионға да жетпейді. Өндіріс орындары да аз, бірақ ауасы өте лас. Ауадағы зиянды заттарды сейілтуге метрологиялық жағдайдың қолайсыздығы себеп болып отырған көрінеді. AlmatyUrbanAir зерттеуі бойынша оңтүстік астананың кейбір жеріндегі ауаның ластану деңгейі қалыптан 9 есеге артып кеткен. Адамның өкісіне түзіліп, тыныс алу жолдары, жүрек-қан тамырлары ауруларын қоздыратын РМ 2,5 микро-бөлшектер мұнда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нормасынан үш есе жоғары көрінеді.

Атмосфераға булы газдар шығаруды азайтуға Қазақстан Үкіметі қатты назар аударып отыр. Қазақстан булы газдарды шығаруды мемлекеттің реттеу шеңберінде электрондық есеп беру түріне көшті. Ақпанның басында Энергетика министрлігі және Дүниежүзілік банк Электронды кадастр — булы газдардың шығатын көздеріне мониторинг жасау және есеп беру жүйесінің онлайн платформасын ресми түрде іске қосты. Бұл кадастр — Қазақстан квоталарын сату ұлттық жүйесінің маңызды бөлігі. Қазақстан квоталарын сату ұлттық жүйесі ішкі СО² шығарындыларын және төменкөміртекті технологияны дамытуды реттеудің негізгі құралы ретінде 2013 жылы іске қосылған болатын. Бүгінде КЗ КСЖ энергетикалық, мұнай-газ секторында, тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі салаларындағы барлық ірі компанияларды қамтиды. «Электронды алаң — MRV жүйесін жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін қазақстандық булы газдарды шығаруды реттеудің эволюциялық жүйесі» деп мәлімдеді «Жасыл даму» АҚ Бас директордың орынбасары Сергей Цой.

Бірақ әлемдік деңгейде қарқын алған бұл процесі тоқтатуға дәріменсізбіз. Жердің атмосфера деп аталатын үстіңгі қабатын, 80 шақырымға дейінгі биіктіктегі кеңістіктің 78%-ын — азот, 21%-ын — оттегі, 0,03%-ын — көмірқышқыл газы, 0,04%-ын — аргон және 0,93%-ын әртүрлі газдар құрайды. Алайда дүниежүзі бойынша жылу энергиясын көп тұтынатын ауыр өнеркәсіптің дамуына байланысты адамдар тығыз орналасқан жерлердегі ауаның құрамындағы оттегі күрт азайып, көмірқышқыл газы көбейді. Осылайша, атмосферадағы табиғи тепе-теңдік бұзылды. Ең көп тарайтын улы заттар — көміртегі қышқылы (СО), күкірттің диоксиді (SO²), азоттың оксиді (МОх), көмірсутегі (Сп Нм) және заттың шаң-тозаң. Олардың құрамында фтор қосындысы, хлор, корғасын, сынап және бензопирен сияқты 500-ден астам улы заттар бар. Зиянды газдардың атмосфераға көп мөлшерде шығарылуы тыныс алу арқылы адам организміне ғана емес, тұтастай жан-жануарлар, өсімдіктер әлеміне, экожүйенің, қоршаған ортаның тозуына әсер етеді. Мұны істеп отырған Жер ғаламшарының иесі — адамдардың өздері. Бұл әлемдік проблеманы қалай шешеміз деп ғалымдар бас қатырып отыр.

Атмосфераның, судың ластануы адамдардың денсаулығына зиянды әсер етіп, ғұмырын қысқартуға, Американдық ғалымдардың есебінше, ісік аурулары мен тыныс алу органдарындағы қатерлі ауруларды туғызатын атмосфера құрамындағы ұсақ дисперстік бөлшектер жылына 2,1 миллион адамның өмірін жалмайды екен. Жалпылай алғанда, ауаның ластануы жыл сайын 7 млн адамның өліміне себепкер болады. Бұл қаспаптан мезгілсіз қайтыс болатындар — көбінесе әйелдер мен балалар, жүрек-қан тамырлары ауруына шалдыққандар. БҰҰ ассамблеясының мәліметінше, 5 жасқа жетпей шетінейтін балалардың 25%-ынан астамына қоршаған ортаның бұзылуы себеп болады. Алматыдағы әрбір екінші бала өкпе ауруымен ауырады екен. Тіпті ауадағы көміртек қышқылының деңгейі жоғары болуынан ересектер арасында қан айналысы нашарлап, жүйке жүйесінің бұзылуына душар болғандар көп. Бұған бұл ғаламдық мәселе ретінде қарап, етіміз үйреніп кеткен сияқты. Сондықтан шешімін табуға тырысып жатқан ешкім көрінбейді.

Сенатор Мұрат Бақтиярұлы Парламент мінберінде өте өзекті мәселе көтерді. Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевқа жолдаған сауалнамасында сенатор тілдің негізгі өзегі мен өрісі сақталатын мекеме – балабақша мәселесін сөз етті.

Гүлзина БЕКТАС

Депутаттық сауалында: «Жақында ғана «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы да қолданысқа енгізілді. Біз жазуымызды жаңғырту арқылы ана тілімізбен қоғамдық санамызды жаңғыртуға зор мүмкіндік алдық.

Әліпбиімізді латын қарпіне көшіру еліміздің және өз ұрпағымыздың болашағы үшін және бүкіл әлеммен бірлесу түсімізге, ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруімізге, ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызатындығы басы ашық басты мәселе екендігі барша қазақстандықтардың санасына сіңді ғой деп ойлаймыз.

Күні кеше Елбасы ендігі арала Парламент-те, Үкімет-те өз жұмыстарын тек қана мемлекеттік тілде жүргізу жөнінде орынды нұсқау берді. Бұл біздің қоғамның көптен бері күтіп жүрген зәрулі бір мәселесі болатын. Елбасының осы тапсырмасы ендігі арала Қазақстанның барлық облыстық әкімдіктерінен бастап, меншік иесіне қарамастан бүкіл мекемелерде жүзеге асырыла бастағаны да жөн болар еді.

Қазір қоғамды тағы да бір мәселе алаңдатып отыр. Латын әліпбиі қолданысқа енгізіледі деген әңгімеден соң, әсіресе әлі күнге дейін өз ана тілдерін жетік білмейтіндердің қауіптері күшейіп, олар өз балаларының болашағына алаңдан, балаларын орыстіділі мектептерге бере де бастады. Өйткені ертенгі күні балаларын латын қарпіне оқытып, білім беруге үрке қарап отыр.

Латын әліпбиімен бірге кириллица қатар жүретіндігі біздің біртұтас ұлт болуымыздың өзіне қауіп төндіретіндей. Өйткені латын қарпін тек қазақтілді мектептерде ғана қолданатын болсақ, күні ертең әр ата-

ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БАЛАБАҚШАҢДЫ ТҮЗЕ...



ана балаларын өздері білетін тілдегі, яғни кириллица графикасымен орыс тілінде жұмыс істеп тұрған мектептерге берері де қазірден белгілі болуға. Түптің түбінде бұл келіп, қоғамды біреулері латын әліпбиін менгерген, ал екінші топты латын қарпін білмейтін, тек кириллицамен ғана жұмыс істей алатын топтарға бөліп жібермей ме деген мәселе алаңдатады. Бұл келіп тұтас бір қазақ ұлтының тағы да тілдік негізде бөлшектеніп кетуіне өкөп соғатындай сезіледі» дейді.

Сондай-ақ сенатор мемлекеттік тілді білудің алғышарты балабақшалардан басталуы қажет екенін айтады. «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, яғни бүкіл балабақшаларда ендігі арала оқу-тәрбие жұмыстарының енді де тек латын әліпбиіне негізделген мемлекеттік тілде жүргізілуін ойластыруды және балабақшаларда латын әліпбиін қазірден бастап оқытып, үйретуді қажет деп санаймыз» дейді.

Сенатордың бұл сөзінің жаны бар. Елімізде шамамен 10 мыңнан астам балабақша бар десек, латын әліпбиін менгеруді осы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастаған жөн. Белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы: «Мектепке дейін баланы балабақша тәрбиелейді. Баланың іргетасы қалай қаланса, солай қалыптасады. Ата-ана баласын мектепке, балабақшаға бергенде, «тәрбие берсе екен» деп береді. Үмігі де сонда» дейді.

Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын да балабақша саны жетіспейтіндігі туралы мәселе болған. Бұл жағдай әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Дегенмен латын қарпіне көшудің алғышарты ретінде балабақшадағы тіл мәселесін қазірден шешіп алғанымыз дұрыс. Бір балабақша кириллицамен, енді бірі латын қарпіне көшер болса, нағыз қауіп сонда болады. Елімізде 10 мыңнан астам балабақшаның тең жартысы — қазақ балабақшасы болса, тең жартысы — аралас балабақшалар. Сенатордың қауіптенетін

түсі — осы. Қазақ тілінде тәрбие беретін мекеме мен өзге тілдегінің айырмасы болмауы тиіс. Екеуінде де қолданылатын бір қарпі — латын. Бұл — әрине, келешектің ісі.

Белгілі публицист Қали Сәрсенбай: «Латын қарпі біздің тарихымызда болған. Бұл өзгеріске біз іштей болсын дайын болдық. Ғылым мен білім әу бастан латын қарпімен қалыптасқан. Нақты деректерге сүйенсек, әлемнің 70 пайыз тұрғыны латын әліпбиін қолданады, бір-бірімен ақпарат алмасалы. Біраз уақыт бұрын Елбасы БАҚ өкілдерімен кездесу барысында осы мәселеге де тоқталып өтті. Түсіндіріп, талдап та берді. Латын қарпінің ғылыми негізі мықты және халықты адастырмайтындай болуы тиіс. Әліпбиді қайта-қайта өзгерте бермейтіміз анық. Сондықтан аталған мәселе халықтық деңгейде талқыланып, зиялы қауымның талқысынан өткені дұрыс. Халыққа ұғынықты, тиімді, қолайлы, ғылым тілінде де түсінікті нұсқасы қабылдануы керек» деген екен.

Латын қарпіне көшу — уақыт талабы. Президент Жарлығы да қолданысқа енді. Ендігі мақсат — латын әліпбиін жаппай қолдану. Ресми іс-қағаздар толығымен латын әліпбиіне өтер болса, ұтарымыз анық. Қоғам да соны қажет етіп отыр.

Алдағы төрт-бес жылда мектептерде 1-сыныптан бастап, латын әліпбиінде оқытуды жөн көріп отырған секілдіміз. Бастауыш сыныппен қатар, балабақша да латын қарпіне көшер болса, онда сенатордың қауіп сөйлер еді.

Латын қарпіне көшу — келешектің кілті. Болашақ қалай болатыны бүгіннен белгілі болады. Бүгін қандай іс атқарсақ, ертең оның жемісін жейміз. Демек, болашағымыз бүгінгі атқарар жұмысымызға тікелей байланысты.

«Ақырын жүріп, анық басар» болсақ, қоғам да, адам да ұтылмайды.

Ендеше, ел боламыз десек, бүгіннен бастап, балабақшаны түзейік...

БАҒДАР

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты үндеуін жолдап, қоғам үшін өзекті деген негізгі мәселелер туралы айты. Әлеуметтік жағдайларды нысанаға алған бастамалар ішіндегі бесінші тармақ «елді газбен қамтамасыз етуді жағастыру» деп аталады. Халықтың жанымен қатар, төнін де жылытуға құдіретті — газ мәселесі жайында тереңірек толғап көрсек дейміз.

Абай АЙМАҒАМБЕТ

ГАЗ БОЛМАЙ — МЭЗ БОЛМАЙМЫЗ


Президенттің айтуынша, тәуелсіздік алғалы бері еліміз газ өндіруді 8-ден 52 миллиард текше метрге арттырды, соның арқасында ел тұрғындарының 50 пайызы газ тұтынып отыр. Бұл — халықтың әлі тең жартысының бүкшендеп отын мен көмір жағып отырғанын айғақтайтын дерек. Мемлекеттің басқа аумағын айтпағанның өзінде, Астанада әлі күнге газ жоқ. Көмірдің кесірінен қала қыс бойы көк түтінге тұншығады. Қазгидромет 2016 жылы бас қаланы ауаның ластану деңгейі бойынша «үздік төртікке» енгізген. Мұржарларға түтінсүзгіш фильтрлердің орна-тылмауы да жағдайды одан әрі ушықтырып жатыр. Бұған көліктерден шығатын түтінді де қосып қойыңыз.

Елбасы орталық аймақтарды газбен қамтамасыз ету туралы 2012 жылы айтты. Бұл тапсырманы орындауға белсене кіріскен Үкімет сол кезде газ бүктесін Костанайдан тауып, ол үшін «Қарталы —Тобыл — Көкшетау — Астана» газ құбырының жобасын ұсынған. 2013 жылы іске қосылуы тиіс бұл жоба тумай жатып «жөрегіңде тұншықты».

Бұдан кейін шенділер газ кенішін Қарағанды жерінен іздеуге көшті. Қарағанды көмір бассейнінен метан алып, одан газ өндіреміз деген «Қаз-ТрансГаз» тіпті LeMarCAInc компаниясымен келісімшартқа да отырып тастаған. Алайда бұл жоба да жүзеге аспады.

Үшінші рет ұмтылдық. 2017 жылы қараша айында Энергетика министрлігі газ өнеркәсібін дамыту департаментінің басшысы Зияш Қиякбаев «Астанаға газ жеткізу» жобасы туралы сөз қозғаған.

КӨЗДЕГЕНІМІЗ – КӨГІЛДІР ОТЫН



Киякбаев — ол үшін «Бозой — Бейнеу — Шымкент» газ құбыры желісін Сарыарқа құбыр желісімен жалғастыру керек дегенді айтқан... Айтылған күйінде қалды.

Президент бүгінгі Үндеуінде осы бір «созылмалы» жобаға нүкте қойғандай болды. Елбасы Қараөзек (Қызылорда облысы) — Жезқазған — Қарағанды — Теміртау — Астана бағытындағы магистралды газ құбырын салу жобасын жүзеге асыру керек дегенді айтты. Мемлекет басшысының сөзінше, жоба 2,7 миллион адамды газбен қамтиды, тиісінше шағын және орта бизнеске де жанаша тыныс сыйламақ. Бұдан бөлек, елордадағы зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге (жылына 35 мың тоннаға) азайып, қаланың мойнынан жүк түскендей жеңілдеп қалмақ.

ҚАРАӨЗЕК ДЕГЕН ҚАЙ МЕКЕН?

Қараөзекте газ бар екенін естіп жүретінбіз. Бірақ бүгін Президенттің аузына ілініп, мемлекеттік аса маңызды кеңішке айналып отыр. Ендеше, орталық Қазақстан мен Астананы газбен қамтитын Қараөзек туралы кеңінен тарқатып өтелік.

2017 жылы 3 шілдеде іске қосылған

«Қараөзек» компрессорлық стансасы елдегі газ проблемасын шешіп, экспорттың да қарқынын арттырады. Сол кезде облыс басшысы Қырымбек Көшербаев «Станса тәулігіне 43,5 млн текше метр газ айналады. Бұл көрсеткіш оңтүстік пен солтүстік және орталық өңірлерді де газбен қамтуға мүмкіндік береді» деген еді. Станса газ айдаушы агрегаттармен, күрделі режимде пайдалануға арналған соңғы үлгідегі қосымша құралдармен жабдықталған. Оның мүмкіндігі «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистралдық газ құбырының өткізгіштік қабілетін 10 млрд текше метрге дейін ұлғайтады. «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының трансформация және даму мәселесі бойынша орынбасары Ерқанат Темірханов құбырды Астанаға дейін жеткізу процесін бір жылда атқарып шығуға болады дейді.

— Астананы газдандыруды қысқа мерзім ішінде жүзеге асырамыз деп айта аламын. Бас шаһарға дейін құбыр тарту сегіз ай, ары кетсе, бір жыл уақытты алады. Ары қарай Петропавл, Көкшетау жакқа жеткіземіз, — дейді Ерқанат Уак-

байұлы. Астанаға дейінгі құбыр көлемінің ұзақтығы 1080 шақырым шамасында мөлшерленіп отыр. Бұл орайда Үкімет есебінше газ тарифі текше метріне 54-55

тенгеге дейін көтерілуі мүмкін. Қазір еліміздегі газ тарифінің бағамы — 36-38 тенге шамасында. Сондай-ақ болжам бойынша газдандыру 370 млрд тенгеге түседі. Жолай бөлініп кететін желілерді қоса есептегенде шығын 670 млрд тенгеге жетпек. Нұрсұлтан Назарбаев бұл тұрғыдан халықаралық қаржы институттарының көмекке келетінін мәлімдеді. Станса — газ тасымалын жылына 6-дан 10 млрд текше метрге дейін арттырады. Елдің экспорттық әлеуетін жоғарылатады. Қазақстанның газ жетпеген өңірлерін көгілдір отынмен толық қамтиды.

Бір жыл бұрын ел энергетикасына жауапты министрлік газ қоры жөнінен Қазақстанның әлемде 22, ТМД-да 3-орында тұрғанын айтқан. «Құрғақ қасықтын ауыз жыртары» кім-кімге де аян. Министрлік бұл қуанышты статистиканы Президент бүгін мұрсат берген — 1-1,5 жылдан (Астана мен орталық Қазақстанды толықтай газбен қамту уақыты) кейін айтса, жарасатындай.

КЕЛБЕТ

Адам ғұмырында жарқын бейнесі, жақсы ісі көңілден кетпейтін, сонадан өшпейтін, күн өткен сайын тұлғаланып биіктей беретін, айналасына арай шашып тұратын айрықша жандар болады. Міне, сондай абзал да асыл адамдардың бірі, өз дәуірінің қалаулы қызметшісі, зерделі заңгер Сәтбек Дулатбеков ағамыз дер едім.

Бүкіл саналы ғұмырын жүрек қалауымен биліктің бір тармағы — сот ісіне, әділет саласына арнады. Сонау 1955 жылы Қарағанды облысы Шет аудандық сотында сот хатшысы болып еңбек жолын бастаған ол жарты ғасырға жуық, дәлірек айтсақ, тура 49 жыл осы салада үздіксіз қызмет етіп, еліміздің сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына ерен еңбек сіңірген ерекше жан. 1977 жылдан 2004 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының мүшесі, кейінірек Жоғарғы сот Президиумының да мүшесі болып, заң саласының барша қауым білетін тау тұлғаларының біріне айналды. Саликалы судья ретінде өзінің адал қызметімен, кәсіби біліктілігімен сот төрелігінің беделін өсірді. Еліміздегі құқықтық қатынастарға сай сот әділдігін жүзеге асыруда, оның құрылымдық жүйесін әр жылдардағы замана саясатына сәйкес жетілдіріп, қоғам мен халық мүддесіне орай сот әділдігін жүргізуде аса қомақты, сан салалы қызмет атқарып шықты. Халықтың келешегі мен елдің ертенін еркін болжап, қоғамға жат үрдістерді жазбай танып, сын тезіне салатын көреген қасиетімен ерекшеленді. Ел тыныштығы мен халық ынтымағы үшін атқарған бұл қызметінің ауқымы кең, мәні зор болды.

Азаматтың атак-абайының, қадір-қасиеті жасаған жас молшерімен емес, адами қасиетімен, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді. Қырық жылдан аса уақыт мәртебелі судья қызметін атқарып, осы бір өткірдің жүзіндей сындарлы лауазымды қапысыз атқарып, әріптестері алдында биік беделге ие болу, қалың бұқара арасында сый-құрметке бөлену — кез келген адамның мандайына бұйыра бермейтін, тағдыр табағына түсе бермейтін үлкен сый. Абзал ағамыздың үлкенге әрқашан ітіліптеңген, кішіге қамқорлықпен қарайтын даладай дархан, көлдей шалқар көңілі елден ерек,

АБЫЗ АҚСАҚАЛ



енді. Әрдайым атқарылып тұратын айдыны кеңак пейілі тағы бар. Сәтбек Дулатбекұлы үлкенге де, кішіге де аса сыйлы және былайғы көпшілік қауым ішінде аса танымал биік тұлға болды. Ол кісімен Жоғарғы сот қабырғасында баспасөз қызметінде істеген жылдарымда оған көзім әбден жетті. Сәкенді сот қабырғасында қарапайым қызметкерлерден бастап төрағаға дейін түгелдей аса құрметтеп, ол кісіге деген сыйы ерекше елі.

Жастайынан туған елінің киелі қасиеттерін бойына дарытып, перзенттік парызына адал болып, тура жолдан таймаған Сәтбек ақсақалдың өмір жолына, еңбек жолына үйілген сайын ел ағасына айналған бүгінгі тұлғасына, азаматтық арнамасының айшықты соқпақтарына, адамгершілік қасиеттерінің асылдығына, жан дүниесінің жайсаңдығына көз жеткізе түсесіз. Сырбаз сырт көрінісінің өзі жаратылысынан ірі міндеттерді, үлкен істерді тындыруға арналған азамат екенін аңғартады. Кең пішілген айбынды тұлғасына шалқар ақылы мен зердесі, өмір мәектебінен алған білімі, көргені мен түйгені үйлесім тауып, сырт пішіні мен ішкі жан дүниесі бірің-бірі толықтырып, ерекше

жарасым тауып тұрады. Ол кісінің бүкіл болмасы, сыртқы кескін-келбетіне дейін әділет сардарының, нағыз қара қылды қак жарған соттың үлгісіндей Сәтбек ағай — өзі көтерілген азаматтық, адамгершілік биігінен аласармай, табиғи тазалық қалпын сақтап, бүгінде абыз ақсақалдықтың асқар биігіне шыға білген абзал адам.

Оның отбасы да елдің бәрі құт мекендей құрметтейтін шанырақ болды. Құдай қосқан қосағы Алтын жөнгеміз екеуі бөрікті ұл, көрікті қыз өсірді. Олар бүгінде өмірдің тарам-тарам жолдарында өз тандауларын тапқан. Әсіресе, тұлғасы да, мінез-құлқы да, адамның іші-бауырына кіріп кететін ізгілігі де өзінен аумайтын Нұрланды ерекше айтуға болады. Ол — бүгінде бүкіл елімізге танымал тұлға, белгілі қоғам қайраткері.

Жалпы, азаматтың ісі артында қалдырған ізі — көп жылғы іс-тәжірибесінің көрінісіндей, мәуелі жемісіндей — орнын басқан шәкірттерімен де бағаланады. Сәтбек ағайдың бұл тұрғыда да шаршысы толық. Ұзақ жыл ішінде ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі үшін талай-талай азаматты тәрбиелеп шығарды. Сот жүйесінде білім мен біліктілігін шебер

ұштастыра жүріп, ізін басқан буынға үлгі-өнеге көрсетіп, бай іс-тәжірибесімен үнемі бөлісіп отырды, ақыл-көнесін аямады. Кәсіби шеберлікті шындауда, адами қасиетті қалыптастыруда адастырмас темірқазық болды.

Сәтбек Дулатбекұлы — күнделікті қызмет, жұмыс бабында қандай талапшыл, ымырасыз, қатал болса, былайғы өмірде сондай жайсаң, кішіпейіл, қарапайым адам. Адам бойындағы тазалықты, шынайылықты, ашықтықты қасиет тұтатын, көлгірлік, көзбояушылық ол кісіге мүлде жат. Екеуара әңгіменің шебері — тек кәсіби мамандық бойынша ғана емес, басқа рухани-мәдени әдебиеттерді де көп оқыған, соған орай білімі де ересен, білетіні де мол. Әрдайым ойы тұнық, сөздері саликалы, толғамдары салмақты, сүбелі шығып жатады. Ол кісінің ойының мәйегі, сезінін мәтелі көбіне Абай хакім, осы қасиетін алдын көрген, ақыл-көнесін алған бірнеше буын өкілдері алдымен айтады.

Осы жерде бір дауды шешерде билікті осы Сәтбек ағамыздың арғы бабалары болып келетін Қаз дауысты Қазыбекке бере келіп айтқан Төле билін батасы еске түседі:

*Атасызға ата бол,
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан жандардың,
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол,
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол!*

Біз білетін Сәтбек ағамыз Төледей дала данасының осы батасы түгелдей қонған өресі биік, парасаты мол жан болып өмір сүріп, бүгінде дария көңіл қария болып, немере-шөберелерінің ортасында отыр.

Сонынан сонарлы із қалдырған ардагер азаматтың өнегелі өмір жолы өшпестей үлгі, елі үшін сіңірген есепсіз еңбегі, ғибаратты ғұмыры халқы үшін қашанда құнды.

Сәулебек ЖӨМКЕНҰЛЫ,
әділет полковнигі

ДӘРУ

АТА-БАБАДАН ДАРЫҒАН ҚАСИЕТ

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылындағы емшіге ықыласым ауып бардым. Себебі, 2017 жылы Астанада нейрохирургияда ота жасатқаным, бәрі жақсы болды, тек арқам кішкене ауыратын сияқты. Оның үстіне, сол қолым дірілдейтін. Емші балам қолымның тамырын ұстап, диагнозын дұрыс айтты, «апа, ота жасапты, қолыңыз жүйкеңіз бен басыңызға байланысты» деді, содан 44 күн қаралдым, бұрынғыдан жақсымын.

Қолымның дірілдегені азайды. Дәрігерлер, яғни невропатологтар «қолыңыз жазылмайды» деген, екі түрлі дәрі беріп, өмір бойы ішесін деген. Ол өзі өте қымбат. Сіздің диагнозыңыз «Паркинсон». Сол дәрігерлердің сөзін теріске шығарып, «апа, жазыласыз» деді. Менің қуанышымда шек болмады. Нұрдаулеттің үшінші атасы Рахманбердінің бойында көріпкелдік, емшілік қасиеттер болған екен. Түсі суық, көп сөзі жоқ, оның алдына келгенде басымен алысқан небір жыныдылар жуасып сала берген. Нұр-

даулеттің түсі де, мінез-құлқы да сол атасына тарқан. Енді міне, ата бойындағы қасиет ұрпағына дарыпты. Бұл отбасындағы бір ерекшелік, Нұрдаулеттің әкесі — Жолдастың туыстарының барлығы — математик.

«Нұрдаулет қандай ауруларды емдейсін?» деген сұрағыма — Тас түсіремін, дененің жартылай жансыздануын, қант диабетін, көз шелін, нашар көруін, жүрек, сал, бас, жүйке ауруларын сауықтырамын. Тұла бойына ыстық, жайлы, жағымды жылу жіберемін. Алдын ала қолымдағы биоөріс арқылы ата рухына сүйеніп, науқасты отаға дайындаймын, — дейді.

Көріпкел емші Нұрдаулет Жолдасұлының қабылдауына болған талай жандар, дертіне дауа, жанына шипа тауып, өмірге қайта оралғандай күн кешуде.

Ішкі ағзалары мазалап келген талай-ларға атасымен екеуі ота жасап, бүйректегі тасты, бауырдағы ісікті, асқазандағы жараны сылып тастады. Мұның бәрі бір мәзілде емес, бірнеше сеанста іске асады. Нұрдаулеттің тілегі — өзіне ниет еткен жандардың уақытылы әрі сеніммен келгенін қалайды. Сонда барып қолданған ем де нәтижелі болады дейді. Мен емделіп жатқан кезде көп жерлерден адамдар келді.

Мәселен, бір-екі мысал айтайын. Қостанайдан Рудный елдімекенінен келген Ұлболсын 2 жастағы баласын алып келді, аяғын баса алмайды, қолы жазылмайды. Ем алған уақыттын ішінде аяғын нық басты, алақаны жазылып, қолын құлағына жеткізді, анасының қуанышында шек болмады. Арыс ауданы Қожатоғайдан келген Дауылбай Асылжан деген жігіт келгенде, әкесімен әйелі сүйеп әзер әкелген. Себебі, белінің төрт жерінде беломыртқа жарығы (грыжа) бар екен. Көз алдымызда жігіт құлан таза жазылып кетті. Қуанышында шек болмады. Қызметі өсті. Астанадан Қалдығұл Ахметова келді, аяғы қақсап тұн баласына ұйықтамайды, аяғының ауырғаны басылды. Шардара ауданынан Ақмарал атты келіншек келді. Бес баласы бар. «Жатырда рак ісігі бар депті, дәрігерлер қолымыздан ештеңе келмейді, енді дайындала беріндер» депті. Содан, Нұрдаулетке келіп қаралды, 17 күн дегенде ауруының басы қайтты.

Теміртаудан Нұрхамбет Молдабаев келіп қаралды. Әскери қызметте істейді. «Бүйректе ісік бар, ота жасау керек» депті. Сарыағашта досы бар. Соның әжесі келіп қаралған. Ол жігіт те келіп қаралды, 45 күн

жатты, ауруының басы қайтты. Енді 1-2 айда емдік су алып кетеді екен. Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан келіп жатқан көптеген адамдарды жолықтырдым.

Емші Нұрдаулет барлық тиісті орындардан тексеру, іс-тәжірибе, сынақтан ойдағыдай өткен. Биоөрісі арқылы қуаттылығы, әсер ету күші толық айқындалып, Алматы қаласындағы медициналық орталықтан сертификат алған. «Қазақстан халық емшілері қауымдастығының» президенті, академик Зиядан Қожалымов қол қойған сертификат пен арнайы дипломы, Нұрдаулеттің бойындағы биоөрісті бейнелеген суреті және бар. Былтыр тамыз айында өткен Қазақстан халық емшілері қауымдастығының 20 жылдығына арналған қауымдастықтың кезекті VI Құрылтайында төсбелгіні иемденіпті. Нұрдаулет балама айтар алғысым шексіз. Осылай көптің құрметіне бөлене бер деп аналық ақ батамды беремін.

Күлбала ЕСКЕРГЕНОВА,
Қазақ КСР халық ағарту ісінің
озық қызметкері

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАДІРЛІ ІС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы асында «Ақорда» республикалық қозғалысының төрағасы, генерал-майор Қайрат Сатыбалдыұлының демеуімен «Алатау әуендері» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Құлансөз» фольклорлы-этнографиялық ансамблі «Перзент» балалар үйінде қайырымдылық концертін өткізді.

Кешке арнайы келген «Ақорда» республикалық қозғалысы төрағасының орынбасары Қанат Мұсақұлов ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жеткіншектерді Алғыс айту күні, халықаралық әйелдер күні, Ұлыстың ұлы күні — Наурыз сияқты көктем мерекелерімен құттықтады. Еліміздің болашағы — тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екенін еске салып, бауырмалдыққа шақырды. Қайрат Сатыбалдыұлының

руханият пен әлеуметтік салада атқарып отырған меценаттық қызметтеріне тоқтала келе, «Ақорда» республикалық қозғалысы атынан сый-сияпат тарту етті.

Ізгілікті іс көңілді бағдарламаға ұласып, кеш барысында Танат Сәденов — Нұрғиса Тілендиевтің — «Аққу» күйін, Марта Төлепберген халық әні «Ала қарға», Алуа Қосанова — халық әні «Хәләулім», «Ақжайнақ», Жансая Божбан — өзбек әні «Олма», сондай-ақ Нұрлан Әшімов — Мұрат Құсайыновтың «Бойжеткен», Айдана Қуаныш — Ренат Ғайсиннің «Туған жер», Әділет Жексембі Төлеген Мұхамеджановтың «Отан» әнін орындады.

Сонынан «Перзент» балалар үйінің төрайымы Әмина қажы Әжібаева «Ақорда» республикалық қозғалысы мен «Алатау әуендері» МККК «Құлансөз» фольклорлы-этнографиялық ансамбліне ризашылығын білдірді.

Әмірлан МӘУЛЕН



ПАЙЫМ

ҰЛТТЫҚ СЕЗІМ – РУХАНИ ҚҰБЫЛЫС

Қазақстандық патриоттық ұстанымның негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, қағидаттары, құралдары бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбие арнасында солардың бірінің негіздері болмаса, ол жай сөз болып қалуы мүмкін.



Кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі сол қоғамда ұстанған саясатымен анықталады. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-сында осы мәселелер анық көрсетілген болатын. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулыққа тәрбиелеудің жолдары мен құралдары — түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, гуманитарлық пәндердің мазмұны. Қазақ бала-сының ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу — білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйым-дардың міндеті. ХХІ ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады.

Жаһанданған заманда қазақ халқын жаманшылықтан құтқаратын нәрсе — ұлттық құнды-лықтар. Біз қаншалықты керемет білім алсақ та, теңдессіз техно-логияны меңгерсек те, елді ел қылатын ұлттық құндылықтар. Қазақты сақтайтын да солар. Олан айрылсақ, айдалаға адасамыз. Қорғансыз, тірексіз қаламыз. Қандай заман орнаса да, біздің тірегіміз — әдет-ғұрымыз, салт-дәстүріміз. Адами болмыстың жоғары қасиеттерін парасаттылық, білімділік, Отанын сүю, имандылық пен ғылымды меңгеруін, туған тілін құрметтеуін жатқызамыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің мемлекеттік тілі — қазақ тілінің тарихына үніле отырып, қазіргі жағдайын сарала-сақ, ұлттық тіліміздің болашағына көз жіберсек бабалар еңбегінің құндылығына бас иеміз. Тілімізді гүлдендіретін де, болашақтың көркейтедін де ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ болмақ. Елбасымыз Н.Назарбаевтың латын әліппесіне көшу жөнінде бастама көтеругі, тіліміздің өркендеуіне негіз болып отыр. Бұл бастама — рухани жан-ғыруымыздың негізгі белгісі ретінде ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен мұраларын қайта жандандыру.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мәдениет пен тілді тұтас алып қарастыра отырып: «Өз тілін біл-меген адамдарды мәдениетті адам-дардың қасына қосуға болмайды» деп тілін білмеген, оның қыр-сы-рын жетік меңгермеген қалдырғы, мәдениетті адамдардың қатарына қоспаған. Туған тілін білген және оны құрметтеген адамды ғана, бойында тұлғалық қасиеті қалып-тасқан адам деп есептеген.

Патриотизмді қалыптастыру — қоғамның әлеуметтік тапсыры-сынан нәр алатын мемлекеттік міндет. Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғы-шарты — халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру осы мемлекет пен халық арасындағы көміл сенімді орнықтыруға тікелей байланысты.

Адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын, өзектестігін бұқа-ралық сана толық түсінген жағдайда қоғамның патриоттық сезімі арта түсетін болады. Тұтас елдің мүддесі мен жеке адам мүддесі әрдайым өзектес, сабақтас екенін әрбір азаматтың жете түсінуі олардың отаншылдық сезімін тәрбиелеуге тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Адамдардың айқын азаматтық тұғырын қалыптастырмайынша, ұлттық рух туралы сөз етудің өзі артық. Елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адам-гершілікке толы тарихын, дәстүрін білмей мәдениетін, әдебиетін, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді оятудың өзі мүмкін емес. Өткен тарихты объективтік тұрғы-

дан саралап зерделеуге ұмтылу — заман талабы. Патриотизм ұғымы дерексіз, психологиялық сезім күйінен нақтылы іс-қимыл әре-кетіне ауысқанда ол әр адамға түсінікті әрі әсерлі болады. Отан деген ұғымнан тарайтын бұл құбылыс қайткенде нақтылы сипат алады. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, судан елдің дәстүрі мен мәдениетінен, өнері мен әдебиетінен, тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен құра-лады. Онда патриотизм осылардың бөріне деген шексіз сүйіспеншілік сезімімен туындайды.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы: «Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады. Біріншісі — бай тіл, екіншісі — байтақ жер» деген екен. Біз, бүгінгі ұрпақ, осы екі нәрсені көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа табыстауымыз керек. Ол үшін бізге отансүйгіштік, патриот-тық, ұлттық сана-сезім қажет.

Қазақ халқы жастарды па-триотизмге тәрбиелеуде ұлттық мәдениеттің рөлін өте жоғары бағалаған. Ұлттық мәдениеттің рухани бағытын да, материалдық бағытын да назардан тыс қал-дырмаған. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығын гуманизм мектебі десе болады. Өйткені он-дағы кішіпейілділік, мейірімділік, қонақжайлылық, обал-сауап, борыш пен парыз, имандылық, намыс сияқты гуманистік түсінік-тер жеке адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігінен моральдық норма ретінде шешуші қызмет атқару дәрежесіне көтерілді.

Патриотизмді қалыптастыру мен дамытудың бір жолы — тұлға бойында ұлттық сезім төрізді құбылысты орнықтыру. Қоғамнан тыс өмір сүретін адам болмайды. Әрбір адам нақты ұлттың немесе ұлстың өкілі ретінде бой көрсетеді. Туған халқының тағдырына, мақсат-мүддесіне, оның рухани құндылықтарына деген қарым-қатынас, туғанның ұлттық сана-сезімі — мұның барлығы ұлттық сезімге жатады. Ұлттық сезім — рухани құбылыс.

Патриотизмнің қалыптасу жолын былайша айқындауға болады. Адамдар ортақ аймақта мекен ететін, өмір сүру салты ұқсас, қарым-қатынас тілі ортақ, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі ортақ белгілі бір этникалық қауымдастықтың құрамына кіреді. Дәстүрлер ұлттық патриотизмді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қазақ патриотизмі — ең алдымен, қазақ халқына, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани құндылықтарына деген құрмет пен сүйіспеншілік, осы құндылықтарды игеруге талпыныс.

Бүгінгі таңдағы әлемдегі тарихи, әлеуметтік-саяси оқиғаларға үнілесек, саны көп ұлттың саны аз ұлтқа үстемдік ете отырып жойып жіберуді, өзіне сіңіріп алуды мақсат ететіні, ал аз ұлттардың қалайда құрып кетпеу үшін жанталасқа түсіп келе жатқаны байқалады. Саны көп ұлтпен аралас-құралас тірлік кешкен саны аз ұлттың жойылып кетпеуге қарсы ең негізгі, ең басты қаруы — ұлттық дәстүрі мен тілі. Талай-талай қырғын соғыстар мен індеттерді бастан өткерген халқымыздың өніп-өсіп, ұланғайыр жерді иеленіп отыруы-ның басты себебі — көптеген дәстүрлерді сақтап қалуында.

Қалдығұл
ТҰРҒЫНБАЙҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
оқытушысы,
тарих ғылымдарының магистрі

БАЙТҰРСЫНОВ МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



«Тұран» университетінің бас ғимаратында еліміздің Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, профессор Рахман Алшанов Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына, ел тәуелсіздігін нығайтуға және алаштану саласын зерттеп, насихаттауға қосқан ерекше үлесі мен ғылыми–шығармашылық еңбегі үшін белгілі тарихшы ғалым Мәмбет

Койгелдиевті Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медальмен марапаттады. «Айқын» республикалық газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұртөре Жүсіпке Ахмет Байтұрсынов атындағы күміс медаль табыс етілді. Осындай марапатқа ие болғандардың қатарында белгілі саясаттанушы Айдос Сарым да бар.

«АЙҚЫНДЫҚТАР»

САЙЫС

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылғандай, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың өз негізгі бағыттарының бірі – «Білімнің салтанат құруы».



«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу — қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Сонымен қатар білімді өскелең ұрпақты тәрбиелеуде салықалы, салауатты өмір салтын насихаттау — аталған бағдарламаның іске асуына серпіліс беретін тетіктердің бірі. Осыған орай, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйдібек би ауылындағы Т. Әубәкіров атындағы мектепте ер мұғалімдер мен оқушылар арасында волейбол жарысы өтті. Жарысқа 18 команда қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жарыс шымалдығы мен нәтижесінде, 1-орынды Т. Әубәкіров мектебі (Бәйдібек би ауылы). 2-орынды Бағаев мектебі (Алғабас ауылы), 3-орынды Бөйтерек мектебі (Бөйтерек ауылы) иеленді. Орын алған командалар грамоталармен, кубокпен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Айдос САБАҚАНОВ,
Бәйдібек би ауылы,
Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы



НҮР-Медиа

АЙҚЫН

Меншік иесі — «Айқын газеті» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркете алынып, есепке қою туралы №16119-І қуәлігі 29.08.2016 жылы берілген

Директор – Бас редактор – Нұртөре ЖҮСІП

Серікбол ХАСАН –
Бас редактордың бірінші орынбасары
Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ –
шығарушы редактор
Асқар БЕК –
жауапты хатшы
Гүлжан СӘДЕНҚЫЗЫ –
жауапты хатшының орынбасары
Берік БЕЙСЕНҒҰЛЫ –
веб-сайт редакторы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, — 79, 2 қабат
Байланыс телефоны: Алматы (727) 315-24-56, Астана (7172) 94-57-84
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР...

Бұл осыдан 27 жыл бұрын 1991 жылы болған жағдай. Сол кезде бұл жер «Экологиялық апаттың эпицентрі» – деген атқа ие болып адамзаттың өміріне қауіпті аймақ екені жөнінде бүкіл дүниежүзіне барлық БАҚ-арқылы хабар айтылып тұрған қорқынышты кезең еді. Осы апаттың пайда болуына бірінші себепкер болған Кеңес Одағы өзінің көшірілмес қатесін жөндеу мақсатында үкімет 1990 жылы арнайы «Консорциум Арал» деген арнайы қаулы алды. 1991 жылдан сексеуіл, сарсазан егуді бастауды жоспарлады.

Бұл жұмысты атқаруды Қазақстан мен Өзбекстанға жүктеді. Бұл әлі Одақтың тарамаған, тәуелсіздік алмаған кез болатын. Барлық қаржы, қажетті құрал-жабдықтар түгелдей, Мәскеу арқылы бөлінді. 1991-1993 жылдары 3 жылда 54 мың гектар жерге сексеуіл, сарсазан ағашы мен бұта егілді. Қазір сол жерде және айналасында қалың сексеуіл орманы бар. Өз тұқымның есебінен көгерген ағаш пен өсімдіктердің көлемі шамамен 0,5 млн гектарға дейін жеткен.

Одақ тараған соң 1992-1993 жылдардағы Аралдың жұмысы Қазақстан Республикасының бюджетінің есебінен орындалды.

Облыстағы 8 орман шаруашылығынан 200 адам тұрақты жұмысқа тартылды. Жұмыс орнында кісілердің айлығы сақталады, сол кездегі тариф бойынша 8 сағат жұмысқа 3 сом 15 тиынның орнына, Аралда 19 сомнан төленді. Бұл Одақтағы Тайгада орман ағашын кесушілеріне берілетін тариф (лесоруб), олар таза ауада жұмыс істейді, біз экологиялық апаттамыз, ол үшін 50% экологиялық коэффициент төленді, тапқан табысының көлемінде сыйақы берілді. Қорыта айтқанда, адам басына бір айлық жұмысына 500-600 сом табыс тауып қайтты. Барлық тамақ тегін болды. Аптасына бір күн балық, бір күн акбөкен еті беріліп тұрды. Қалған күндері жылқының еті берілді. Жылқы жұмыс басында сойылып, таратып берілді. Төртін солай болды.

Дегенмен жұмыстың ауыр болғандығын мына жағдайдан сезінуге болады. Көліктен жерге түскенде төбеле көк аспан, жерде аппақ түз бен құм, көзге ілінетін қарайған ешнәрсе жоқ. Жерге аяғың тиісмен тобыққа дейін бүркылдақ ұлпа түз бен құмға кіріп тұрады. Жел жоктын өзіңде шамалы ауа екпінінен әлгі түз бен құм буланып қозғалатын сияқты әсер қалдырып, басың айналады. Адамның психологиясына қатты әсер етеді. Бірай бойы жұмыста төбеннен бірде-бір құс ұшып өтпейді. Себебі, құс та өлі өлкенің үстінен ұшпайды екен, ешқандай өсімдік не жәндік жоқ. Жерде — миллиондаған теңіз жәндіктерінің құрғап қалған қаңқалары. Осындай жағдайдан кейін адам бір түсініксіз

ӘРІПТЕС

Түркиядағы қазақ диаспорасының қолдауымен жарық көретін «Қазақ елі» алманағының шыға бастағанына 1 жыл тоғды. Басылым бытыр наурызда 2500 данамен қазақ және түрік тілінде оқырманға жол тартқан болатын. Журналдың кезекті саны 85 жасқа толған Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртзаның шығармашылығына арналып отыр.

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Ыстамбұл қаласынан тарайтын журнал түркі әлемі мен Қазақстан тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын насихаттауды көздейді. Сондай-ақ екі ел арасындағы рухани, бауырластық байланыстарды тереңдету мақсатында қолға алынған.

— Жер бетінде ұлттық құндылықтарын қастерлемей, өркендеп кеткен ешқандай ұлт жоқ. Өз мәдениетін, тарихын, тілін қадірлемеген ұлттың тағдыры не болмақ? Бұл сұрақтың жауабын оқырмандарымыз «Әрине, өзге ұлттың құлы болары» деп беретін де шығар... Өз тілінде сөйлемегенде қай тілде сөйлемексін?! Өз тарихында білмегенде, кімнің тарихын білмексін?! Өз мәдениетінді ұлықтамасаң, кімнің мәдениетін қадірлемексін?! Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарын қорғап, болашақ ұрпаққа жеткізуді көздеген елдер бұл мәселеге өте мұқият қарап, тиісті шараларды жоспар бойынша жүзеге асыруы тиіс. Біз де мемлекетіміздің ұлттық құндылықтарын сақтап қалу үшін міндеттерімізді мұқият орындап, қолымыздан келген шаруаны істеуіміз керек. Ата-бабаларымыз тілімізді, дінімізді және ұлтымызды сақтап қалу үшін қоныс аударуға да мәжбүр болғаны мәлім. Оларды және олардың жасаған тапшыныстарын ешқашан ұмытпауымыз қажет. Біз әлеуметтік сананы жаңғыртып, білімге мән

www.aikyn.kz

www.facebook.com/aikyn.kz

www.twitter.com/aikyn_gazeti

e-mail: aikyngazeti@gmail.com; aikyn_nurmedia@mail.ru

www.aikyn.kz

www.facebook.com/aikyn.kz

www.twitter.com/aikyn_gazeti

e-mail: aikyngazeti@gmail.com; aikyn_nurmedia@mail.ru



ҰЛПА БІТТІ АРАЛДЫҢ ҰЛТАНЫНА

вакумның ішінде қалғандай сезінеді. Жел көтерілсе, айналаны ақ тұман басып, ешнәрсе көрінбейді. Дем алу, жүріп-тұру мүмкін емес. Осының барлығына қоса ауаға ұшып жатқан түз бен құмның әсерінен көзін ашып қызарып жүреді, мұрның бітеліп, тамағың жыбырлап жөтелесің, түшкіресің, қақырасың дегенмен шыдауға тура келеді. Барлық аламағ арнайы жылы киім, аяккиім, қолғап, шлем, респиратор, жабық көзілдірік, аузына дәке т.б. заттар берілді. Сүт, айран қалағанша берілді. Күнделікті вертолет Қазалыдан 100 шақырым жерге тасып жеткізіп тұрды. Кезекті жұмыстың соңында автомоншаға ыстық су мен бұға жуынап демалатын болды.

Жалпы Арал теңізінің суы 1968 жылдан бастап қайта басталды. Өткен жарты ғасырда біз осындай қиын жағдайға душар болдық. Жоғарыдағы айтқан қиын жағдайға байланысты Арал теңізі суға қайта толады деген қиялды қойып, сол ашылып құрғап қалған жерді ағаш егіп қоғалдандыруға бағыт ұстап, үлкен мемлекеттік және дүниежүзілік мәселе етіп қайта көтеріп, бұл жұмысты қайта қолға алу керек.

Құдайдың құдіретімен табиғаттың өзі де адамның қатысуынсыз әрекет жасап, жұмыс жүргізіп жатыр. Арала өткен 50 жыл ішінде бұрынғы теңіздің жиегінен ішке қарай 50 шақырым жерге дейін түрлі өсімдіктер мен бұталары өсіп, ары қарай кетіп бара жатыр.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

беріп, мәдени мұраларымызды сақтап қалу үшін күш салуға міндеттіміз. Бұл үшін барлық тиісті мекеме толыққанды жауапкершілікті арқалауы қажет. Қазақ-Түрік білім және зерттеу қауымдастығы да жүзеге асырып жатқан істерін осы мақсатпен атқаруға тырысады. Журналды осындай игі мақсатпен шығарып отырымыз. Тарихымызды танытатын кітаптар шығарып, тарихи тұлғаларымыз туралы кішігірім және халықаралық конференциялар өткізумен айналысамыз. Мекемелермен қатар отбасылардың алдында да үлкен жауапкершілік тұр. Тәрбие отбасынан басталады. Мектепте берілген білім жеке тұлғалардың кәсіптік мансабын жобалап, жол көрсетеді, ал отбасында алған тәрбие адамның адамгершілігінің,деңгейін қалыптастырады. Жеке тұлғалардың өз ұлтын танып, қоғамға пайдалы болуы үшін отбасында көрсетілетін бағыт-бағдардың маңызы зор. Өз ұлтына пайдалы болуға ұмтылмаған адамның сол ұлттың ыстығы мен суығына төзеді деп күтудің қажеті жоқ. Біз жоғарыда қойған сұрағымызды өзімізге де жиі қоямыз және де сол таныммен әрекет етеміз.

Құрылған күннен бастап жүзеге асырған шараларымызға қолдау көрсетіп келе жатқан Қазақстанның Түркиядағы елшілігіне үлкен алғыс айтамыз, — дейді Қазақ-Түрік білім және зерттеу қауымдастығының басқарушы кеңесінің төрағасы Шабан Серкан Динчтурк.

«Қазақ елі» журналының кезекті санында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегінің екінші бөлімі, «Қазақтың ою өнері», «Домбыра өнері», «Алыптар — Қожайыла жайлауында кездесті», «Қытайдағы жаңа салынған тыйымдар» сияқты танымдық мақалалар да топтастырылған. Сонымен қатар жазушы Шерхан Мұртазаның

тұлғаларға, оқырмандарға ризашылығын жеткізгітті.

— Жаңа нөмірімізде жазушы Шерхан Мұртазаның өмірбаяны мен «Ай мен Айша» романын оқырманға етене таныстырулы мақсат еттік. Бұдан бөлек, «Қазақ елі» журналының редакциялық кеңесінің журналист, жазушы Қызырбек Гайретұллах жылқы малының атауларын, түрлерін сұрыптап, талдап беріп отыр. Ұлтымыздың мақтанышы Қотырақ батыр туралы Желал Демиркол мырза ой толғаса, қазақтың ұлттық ою өнерін Павлодар мемлекеттік университетінің оқытушылары баянлады. Еуразия-Түрік Ассоциациялар Федерациясының мүшесі ретінде қатысқан Бурсаның Қожайыла жайлауында өткен Түркі халықтарының ұлттық спорт түрлері фестивалі туралы да әңгімеледік. Қытайда қысым көрген шығыс түркістандық қандастарымыздың жанайығы, біздірі жағдайларын қолға алуға тырыстық. Білімді де білікті жас қандасамыз, марқұм Халифа Алтайдың немересі, биотехнология саласындағы зерттеулерін жалғастырып жатқан Мұрат Тұнабойлумен жүргізген сұхбатымызды жарияладық. Қазақтың ұлттық аспаптарының ішінде ең маңыздысы және кең тарағаны домбыра және домбыра жасайтын шебер туралы мәлімет беріп, Ақсарайдағы Сұлтанханы ауданындағы түркістандықтар көбірек шоғырланған жердегі түркістандықтар мешіті туралы жаздық. Сонымен қатар қалыптасқан үрдіс бойынша Қазақ-Түрік білім және зерттеу қауымдастығы тарапынан жүзеге асырылған іс-шаралар туралы мәліметтер бердік. Оқырманға қызмет ету үшін алдағы уақытта да танымдық дүниелер мен зерттеу мақалалар дайындауды жалғастыратын боламыз, — дейді Ертолқын Гайретұллах.

қысқаша өмірбаяны мен «Ай мен Айша» романы туралы түрік жазушысы Әмірұллаһ Өздемирдің «Түркіге ортақ туынды» мақаласы екі тілде жарияланған. Редакциялық кеңес төрағасы және жауапты шығарушы-редакторы Ертолқын Гайретұллах өз сөзін Зия Пашаның «Адамның жасаған жұмысы — оның айнасы, бұны айтудың қажеті жоқ. Өйткені адамның ақыл-ойының деңгейі ол істеген іс арқылы анықталады» деген төмсілімен бастап, журналдың үнемі шығып тұруы үшін қолдау көрсеткен заңды және жеке

ШЕТЕЛДЕГІ ТІЛШІЛАЕР:
Раушангүл ЗАҚАНҚЫЗЫ –
81036304178420, (Мажарстан)
Дәурен ОМАР –
8108613764808083, (Қытай)

АСТАНА БЮРОСЫ:
Амангелді ҚҰРМЕТҒҰЛЫ – 87789746272
(Астанадағы тілшілер қосынының меңгерушісі)
Айхан ШӘРІП – 8 (7172) 935784
Нұрсұлу АЙБЕКҚЫЗЫ – 87058324073
Серік ЖОЛДАСБАЙ – 87029151514

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
315-03-03.
E-mail: zuhra-31@mail.ru

Газет аптасына 4 рет шығады

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбама рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор —
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ